

#ЖаңаҚазақстан

Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ



ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ УЫҒЫ

3

ӨМІРДІҢ ӨЗІ



ӘРКІМНІҢ ӨЗ ШЫНДЫҒЫ БАР...

11

ТАЛБЕСІК



ЭКОТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭТНОТУРИЗМ экономиканың маңызды саласы

12-13

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.06.2022

Түнде:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+28+30 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

17.06.2022

Түнде:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №68 (6203) 16 маусым, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуді көздейді және қазақстандықтардың ұйысуына өзек болады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай құрылып, оның ережесі мен құрамы бекітілді.

2

БӘРЕКЕЛДІ!

ҚАЗАҚ БАРДА ШӘМШІ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ!

Шәмші Қалдаяқов – «Қазақстанның Еңбек Ері»



Мемлекет басшысының Жарлығымен қазақ халқының музыка өнерін дамытудағы айрықша еңбегі үшін композитор Шәмші Қалдаяқовқа жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

7

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Шәмші Қалдаяқовқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойды.
- Қазақстанда Ұлттық құрылтай құрылды. Бүгін Ұлытау өңірінде Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы өтеді.
- 20 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы өтеді.
- Мәжіліс қаржы пирамидаларына қатысты түзетулерді қабылдады.
- Қазақстанда блогерлер қауымдастығы құрылады.
- 1 қыркүйектен бастап студенттердің шәкіртақысы өседі.
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырғандар жауапқа тартылады.
- Елімізде жарты миллионнан астам адам әлеуметтік көмек алды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуді көздейді және қазақстандықтардың ұйысуына өзек болады

(Басы 1-бетте)

Ұлттық құрылтай қызметінің негізгі мақсаты қоғамдық бірігуді одан әрі дамыту жөніндегі идеялар мен қадамдарды тұжырымдау болып табылады.

Ал негізгі міндеттері:

- қоғамдық бірігуді дамыту, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;
- жұртшылықтың, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектор мен мемлекеттік органдардың өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету;
- өз құзыретінің шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Ұлттық құрылтай – Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Соған сәйкес, оның құрамы жөніндегі ұсыныстарды Мемлекет басшысының Әкімшілігі дайындайды. Ережеге сәйкес, Ұлттық құрылтайдың отырыстары қажеттігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі. Егер Ұлттық құрылтай-



дың отырысына оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, оның құқықтық күші бар болып табылады. Ұлттық құрылтайдың ұсыныстары мен ұсыныстары Төраға қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ұлттық құрылтайдың жұмыс органы болып табылады.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Ұлттық құрылтайдың құрылу себебі мен оның мақсатын түсіндірді. «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз жұмысын аяқтағанымен оның негізгі мүшелері Ұлттық құрылтай құрамына кірді. Мемлекет басшысы жаңа рет наурыздағы Жолдауында мәлімдеген болатын. Ұлттық құрылтай не үшін құрылды? Ол қоғамның бірігуін нығайту және кеңейтуге идеялар мен қадамдар іздеу әрі әзірлеу үшін диалог платформа-сына айналуы мақсат тұтады»,

Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы бүгін сағат 15.00-де жаңадан құрылған Ұлытау облысының Ұлытау ауданында басталады. Еліміз үшін осынау тарихи жиынға Мемлекет басшысы, Ұлттық құрылтайдың төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысады.

деп жазды Ерлан Қарин өзінің Telegram арнасында.

Мемлекеттік кеңесші тұжырымдағандай, егер Ұлттық қоғамдық сенім кеңесіндегі пікірталас тақырыбы ағымдағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар, саяси реформалар мәселесі болса, ал Ұлттық құрылтайда талқылау тақырыбы жалпыұлттық құндылықтар негізінде қоғам бірігуінің одан ары дами түсуіне қатысты ұзақмерзімді сипаттағы мәселелер болмақ. Ұлттық құрылтайдың Ұлттық қоғамдық кеңестен айырмашылығы да осында.

«Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай құру туралы Жарлыққа қол қойып, онда оның ережесі мен құрамы бекітілді. Жаңа

қоғамдық институттың мүшелері қатарында белгілі тұлғалар бар. Олар: танымал композитор, жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері Ілия Жақанов, Қазақстанның халық жазушысы, ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов, қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров, танымал журналист әрі қоғам қайраткері Сейдахмет Құттықам, көрнекті алым-математик, академик Асқар Жұмаділдаев, ірі экономист және қоғам қайраткері Жақсыбек Күлекеев, танымал мемлекет қайраткері, саясаткер Әлихан Бәйменов, журналист, медиа-менеджер, қоғам қайраткері Ермұрат Бәти, мемле-

кет және қоғам қайраткері, Парламенттің бірнеше шақырылымының депутаты Нұртай Сабылханов, әлем чемпионы, Сеул олимпиадасының күміс жүлдегері, қоғам қайраткері Дәулет Тұрлыханов, ғалым-биотехнолог, «QazVac» вакцинасын әзірлеуші Күнсұлу Закария, қоғам қайраткері, дінтанушы Қайрат Жолдыбай, танымал тілші-ғалым Анар Фазылжанова, эколог, азаматтық белсенді Азамат Әміртаев. Сонымен қатар, Қазақстанға танымал өзге де тұлғалар бар. Ұлттық құрылтайдың құрамында жалпы 117 қатысушы бар», деп жазды Ерлан Қарин.

Ұлттық құрылтайға сондай-ақ Парламент депутаттары, саяси партиялардың, бизнестің ірі салалық бірлестіктерінің, медицина, білім, ғылым, мәдениет, спорт, адам құқықтарын қорғау және басқа да әлеуметтік топтардың өкілдері мүше болған, жастардың көшбасшылары мен белсенді жас азаматтар да шақырылған.

«Ұлттық құрылтайдың жұмысы қоғамдық негізде атқарылатынын атап өту керек. Сонымен қатар, Құрылтай мүшелерін ротациялау принципі қарастырылған. Бұл алдағы уақытта кезең-кезеңімен басқа да қоғам белсенділерін Ұлттық құрылтай жұмысына қатыстыруға мүмкіндік береді. Барша қазақстандықтар Ұлттық құрылтайдың хатшылығына өз ұсыныстарын жолдай алатын арнайы онлайн-платформа құрылғанын айрықша атап айтқым келеді. Осылайша Ұлттық құрылтай жаңарған Қазақстанды құруға өз үлесін қосқысы келетін азаматтардың жалпыұлттық ұйысуына өзек болады», – деді Мемлекеттік кеңесші.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ИГИС

«Дүниежүзілік қан доноры» күніне орай Алматы қалалық Қан орталығында «Қан донорлығы – ынтымақтас-тықтың көрінісі. Донор бол – адам өмірін құтқар» атты іс-шара өтті.

Досбол
АТАЖАН

Алматы қалалық Қан орталығында жыл сайын 14 маусым күні донорларға құрмет көрсету мақсатында салтанатты іс-шара өткізіліп тұрады. Биыл да атаулы күнге орай медициналық мекемеде ерікті түрде бірнеше жылдан бері қан тапсырып жүрген қала тұрғындары марапатталды. Оларға «Мен қан донорымын» атты төсбелгі мен Алғыс хат берілді және әртүрлі тәтті-дәмділер сыйланды.

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бекітуімен 2005 жылдың 14 маусымынан бері әлем бойынша жыл сайын «Дүниежүзілік қан доноры» күні атап өтіледі. Сондай-ақ, қала әкімінің Қан орталығын құру туралы қаулысы дәл осы 14 маусым күні қабылданған. Сондықтан бұл күнді біздің орталықтың туған күні десек те болады. Осыған орай, біз жыл сайын аталмыш күні қан донорларының құрметіне кішігірім мерекелік іс-шара өткіземіз. Биыл донор ретінде қан тапсырған барлық 17 мың азаматымызға алғыс айтамын. Дегенмен, оның ішінде тұрақты түрде өзге адамдардың өміріне үміт сыйлайтын жандарды ерекше марапаттауды жөн көрдік, – деді Алматы қалалық Қан орталығының директоры Жандос Нәдіров.

Сондай-ақ, Ж.Нәдіров қала халықының қан өткізудегі белсенділігі мен Қан доноры берілетін сыйақы туралы айтып берді:

– Еліміз Тәуелсіздік алған сәттен бастап 2005 жылға дейін қан доноры болам

деушілердің белсенділігі 3 есе азайды. Алайда, осы жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін қан өткізушілердің саны екі есе көбейді. Мұндай көрсеткішке адамдардың жалпы азаматтық жауапкершілігінің артуы мен бұқаралық ақпарат құралдарына бұл мәселенің насихатталуы әсер етті дей аламын. Әлеуметтік желілердің дамуы да бұл іске өз үлесін қосты. Жалпы, мемлекет тарапынан қан доноры болған адамдарға 0,25 АЕК көлемінде, яғни биыл 795 теңге беріледі. Көптеген мемлекеттерде мұндай тәжірибе жоқ. Бізде қан тапсыру өзге елдердікі секілді ерікті түрде болғанымен, мемлекетіміз қандай да бір сыйақы беруге тырысады, – деді ол.

Айта кеткен жөн, Тұрғындардың денсаулығын жақсарту мен өмірін қорғау ісіне өзіндік үлес қосып келе жатқан Қалалық қан

орталығы тәулік бойы Алматы қаласы мен Алматы облысына қарасты 20-дан астам медициналық ұйымдарды қан өнімдерімен қамтамасыз етеді. Қан орталығы құрылған 18 жылдың ішінде көптеген ауқымды іс-шараларды жүзеге асырып, қан дайындау, қан тестілеу және қауіпсіз қан өнімдерімен қамтамасыз ету бағытында халықаралық, әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи жаңа әдіс-тәсілдер мен технологиялар енгізілді. Өткен жылы Алматыда қан және оның компоненттері донорларының жалпы саны 15 мыңнан астам адамды құрады, олар 11 мың литрден астам қан тапсырды. Күн сайын қан орталығында 70–100 донор қабылданған.

– Алғаш рет донор ретінде жақын туыстарым үшін қан өткіздім. Одан кейін мені Қан орталығының мамандары шақыра бас-

тады. Мен мұндай шақыртудан бас тартпай бірнеше жылдан бері тұрақты Қан донорларының біріне айналдым. Нақты санын білмеймін, бірақ 20 реттей қан тапсырғаным анық. Бұрын 4 айда бір рет плазмалық қан өткізетінмін. Ал қазір иішыл жасағайларда арнайы шақыртумен тромбоциттерді өткізу үшін келемін, – деді «Мен қан донорымын» атты төсбелгі иегерлерінің бірі Морис Гетман.

P.S.

Біз оқырмандарымызды қан доноры болу ережелерімен танысып, игі істе өз үлестерін қосуға шақырамыз!





БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫ БАР МА?



Қазіргі уақытта Алматы тұрғындары арасында жидектер мен жемістерді консервілеу маусымына байланысты қантқа деген сұраныс жоғары. Сұранысты қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы күнделікті қант жеткізу көлемін 300–350 тоннаға ұлғайтты (бұрынғы өлшем – 1 күнде 250 тонна). Ірі сауда желілері үшін таратылатын құм қантының көтерме бағасы 1 келі үшін 420–430 теңгені құрайды, 445 теңгеден сатылады.



Динара
МҰРАТ

Бұл туралы Алматы маңында орналасқан өңірлік тарату орталықтарының бірін аралау барысында қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы бас-

шысының орынбасары Ерлан Омаров айтты.

«Алматыға теміржол арқылы қант жеткізу күн сайын 300-500 тонна көлемінде жүріп жатыр. Бөлшек сауда желілеріне жеткізуден басқа, қалада орналасқан тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары

үшін тікелей қант жеткізілімдері жүргізіледі. Таңертеңнен бастап осы тарату орталығынан қала дүкендеріне 40 тоннаға жуық құм-қант тиеледі. Қант сауда желілеріне бір килограммы 420–430 теңге көтерме бағамен, ал Magnim желісінің алматылық супермаркеттерінде бөлшек саудада бір килограммы 445 теңге бағамен сатылады. Бұл баға ірі ретейлермен келісім-шарт бойынша 2022 жылдың 31 шілдесіне дейін тіркелген», – деп мәлімдеді Ерлан Омаров.

Меркі, Талас және Көксу қант зауыттарының өнімдері тарату орталықтарына келіп, сол жерден ірі сауда желілеріне, В, С класты базарлар мен дүкендерге жіберіледі. Логистикаға байланысты айына Алматы қаласы халқының қажеттілігі 3,3 мың тонна болса, қоймаларға шамамен 5 мың тонна қант түседі.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында Ақсу қант зауыты іске қосылады деп күтілуде. Нәтижесінде Алматыға шамамен 10 мың тонна қант жеткізу жоспарланып отыр. Басқарма өкілінің мәліметіне сәйкес, бүгінгі күні Алматы қаласының сауда нысандары мен өндірістік кәсіпорындарының қоймаларындағы қант қоры шамамен 11 мың тоннаны құрайды. Қалаға жеткізу уақытылы жүзеге асырылады, ҚТЖ вагондарын беру кідіріссіз жүргізіледі.

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ



Отбасы – мемлекеттің уығы. 2006 жыл – Қазақстан Республикасында Отбасы жылы болып жарияланғаны белгілі. Содан бері елімізде жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Жылдағы дәстүрмен биыл да сол ұлттық байқау басталды.

ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ УЫҒЫ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жоба басталғаннан бері бүгінге дейін еліміздің 16 мыңнан астам отбасы осы байқауға қатысқан. Мұның өзі оның отбасы құндылығын дәріптейтін, үлгі көрсететін ерекше жобаға айналғанын көрсетеді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының көздейтіні – отбасы институттарының әлеуеті мен руханиятын жоғарылату, бала тәрбиелеудегі ата-ана жауапкершілігін арттыру, көмелет жасқа толған жастарды жұмысқа жарамсыз ата-әжелерге қамқорлық жасауға насихаттау, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Байқау 2 кезең бойынша өтеді: біріншісі – аудандық (қалалық), екіншісі – облыстық (республикалық) маңызы бар қала, астана) кезең. Байқауды ұйымдастырушылар – ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия-

ның қолдауымен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, жергілікті атқарушы органдар.

Байқау лауреаттарын марапаттау рәсімі жыл сайынғыдай алдымыздағы қыркүйек айында, Отбасы күні қарсаңында салтанатты түрде өткізіледі. Бұрын республикалық деңгейде бір ғана отбасы жеңіске жетіп, марапатталатын. Былтырдан бастап өңірлік деңгейде жеңімпаз атанған барлық 17 отбасыға конкурс лауреаты атағы беріліп, тең марапаттар беріледі.

Сонымен қатар, байқау нәтижесі бойынша марапаттау құрамына азаматтық қоғам өкілдері ғана емес, мәртебелі байқаудың бұрынғы жеңімпаздары да қатысады.

Былтырғы «Мерейлі отбасына» ең көп өтінім біздің Алматы қаласы мен Шығыс Қазақстан облысынан түскен болатын. Биыл да біздің шаһар көш бастайды деп сенеміз. Себебі, ешкімді сыртқа теппейтін, бәрін құшағына ала білетін Алматыда үлгілі отбасылар өте көп екеніне шүбә жоқ.

МАРАПАТ

AIR ASTANA APEX СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

Американдық APX қауымдастығы (Airline Passenger Experience Association) ең жоғары рейтингі бар Tript туристік қосымшасымен бірге Air Astana әуекомпаниясын «Орталық Азиядағы ең жақсы ойын-сауық жүйесі және бортық тағамдар мен сусындар» номинациясында марапаттады. Марапаттау рәсімі 2022 жылдың 8 маусымында Дублинде өтті.



Қосымша бүкіл әлем бойынша 600 әуе компаниясының миллионнан астам рейсін қамтитын жолаушыларға тәуелсіз пікірлерін жинады. Жолаушылар әуетасымалдаушыларды бес

балды шкала бойынша 5 параметр бойынша бағалады: креслолар жайлылығы, борттағы қызмет көрсету, тамақ пен сусындар, ойын-сауық жүйесі және wi-fi қызметі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Елена ОБУХОВА, Air Astana әуе компаниясының бортық қызмет көрсету жөніндегі вице-президенті:

«Беделді APX сыйлығын алу біздің әуе компанияның үздіксіз жетілу мен дамуға деген ұмтылысын көрсетеді. Жолаушылар рейтингінің тәуелсіздігі марапатқа одан да көп мән береді және біз олардың пікірлері үшін алғыс айтамыз».

APX – әуе көлігіндегі қызмет көрсету сапасын зерттеуге және жақсартуға арналған халықаралық коммерциялық емес ұйым. APX сыйлығын тәуелсіз аудиторлық компания сертификаттайды. 2018 жылдан 2020 жыл арасында «Әір Астана» үш рет «Ірі әуе компаниялар» санатындағы 5 жұлдызды APX сыйлығымен марапатталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БІР КҮНГЕ ЫСТЫҚ СУДАН АЖЫРАТЫЛАДЫ



Медеу және Алмалы ауданы аумағындағы Қазыбек би – Қонаев – Төле би – Панфилов – Бөгенбай батыр – Назарбаев – Қабанбай батыр – Пушкин – Абдуллиндер көшелерінің контурындағы тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарда 20 маусым күні сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін уақытша ыстық су болмайды.

«Алматы жылу желілері» ЖШС-нің хабарлауынша, шектеу жұмыстары қайта жаңғырту кезеңінде тұтынушыларды ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында уақытша құбыр желісін кесу үшін енгізіліп отыр. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

ГАСТРОЛЬДІК САПАР

Алматы қалалық өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Батыс Қазақстан облысы филармониясының гастрольдік сапарына орай брифинг өтті.

Ақтолқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, дәстүрлі ән жанрының әншісі Қатимолла Бердіғалиев ӨКҚ алаңында өз шығармашылығында қазақтың төл өнерін, ақын-жырау ретінде дәріптейтінін атап өтті. Дәстүрлі әнші, музыка пәнінің мұғалімі осы салаларды өскелең ұрпақ арасында кеңінен насихаттауда.

Қатимолла Бердіғалиевтің репертуарында үш жүзден астам қазақтың халық әндері, жыраулар



мен терме-жыраулар Бұқар жырау, Базар жырау, Қашаған жырау, Мұхит Мералиев, Ғарифолла Құрманғалиев және көптеген халық композиторларының әндері бар. Қазақ радиосының алтын қорына Қ.Бердіғалиевтің 83 әні

енді. Айта кетсек, гастрольдік сапар 18 мамырда басталған, Қостанайда, одан кейін Павлодарда жалғасқан. Енді 17 маусымда Талдықорған қаласында, 21 маусымда Шымкентте ұйымдастырылмақ.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛДЫ

ЗАҢСЫЗ КАРЬЕР ЖАБЫЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 16 мамырда Наурызбай ауданының халқымен кездескенін білеміз. Кездесу барысында тұрғындар шаһар басшысынан Алматы облысы Қарасай ауданының аумағындағы карьердің иелеріне шара қолдануды, олардың тұрғын үйлерге жақын орналасқанын, әрі үнемі шу мен шаң-тозаңнан көз ашпайтындарын айтып, шағымданған болатын.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

— «Ақжар» шағынауданындағы тәулік бойы жұмыс істейтін карьердің жұмысын тоқтатуды сұраймыз. Қатты шу және шаң-тозаңнан шаршадық. Карьер Қарасай ауданына қарайды, бірақ біз — Наурызбай ауданының тұрғындарымыз. Тұрғын үйлер

мен карьердің арақашықтығы — 10–15 метр. Жалпы, жер қойнауын пайдалану туралы заңға сәйкес карьер кемінде 500 метр қашықтықта болуы керек. Бұл — санитарлық-қорғау аймағы. Біз карьер қызметкерлеріне жүгіндік, олар сізге хабарласуды сұрады. Мен карьердің лицензиясын қайтарып алуды қалаймын және сіздің тарапыңыздан түнгі уақытта карьердің жұмысын

шектеуге көмектесуіңізді өтінемін», — деген өтініштерін айтып, аманаттарын жолдаған еді аудан тұрғындары.

«Аталған карьер Алматы мен Алматы облысының түйіскен жерінде орналасқан. Мен облыс әкімінен карьердің болашағы және онымен не істеуге ниетті екендерін нақтылаймын. Әрине, жауап беремін. Ал Наурызбай ауданының әкіміне карьердің түнгі уақыттағы жұмысына қатысты мәселені шешуді тапсырамын», — деп жауап берген болатын шаһар басшысы аудан тұрғындарымен жүздесуде.

Тұрғындар қала әкіміне жүгінгеннен кейін мәселе оң шешімін тапты. Тексеру нәтижесінде карьерлерді қазу үшін кемінде қашықтығы 500 шақырым болуы тиіс санитарлық қорғау аймағы назарға алынбағаны анықталды. Алматы қаласы әкімдігінің өтініші бойынша Алматы облысының әкімдігі карьердің жұмысын тексеруді ұйымдастырып, нәтижесінде қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылғаны расталды.

Наурызбай ауданымен шекарада карьерді әзірлеумен үш фирма айналысты. Қазіргі уақытта екі кәсіпорынның жұмысы тоқтатылды және тарату сатысында тұр. Үшінші компания бойынша да жұмыстар тоқтатылды.

ЦИФРЛАНДЫРУ

«Теңізшевройл» цифрландыруды дамыту және одан әрі ынтымақтастық орнату үшін отандық АТ-компаниялардың мүмкіндігін қарастыруда. Форумның мақсаты — цифрландыруды дамыту және одан әрі ынтымақтастық орнату үшін жаңа қазақстандық АТ-компаниялардың мүмкіндігін қарастыру.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ӘЛЕМІ
Алматыда «Цифрлы Теңізшевройл–2022»
форумы болып өтті

Форум жұмысына ҚР Энергетика вице-министрі Жанат Жахметова қатысып, Қазақстан Үкіметі тарапынан энергетика саласын цифрландыруға және қазақстандық қамтуды дамытуға ерекше назар аударылып отырғандығын атап өтті. «ТШО-ның цифрландыруға деген сындарлы көзқарасының табысты болуы АТ мамандары жұмысының бизнес-міндеттерді шешуге бағытталуында болып отыр. Біз бұл форум отандық АТ компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың арасындағы ынтымақтастықты жолға қоюға септігін тигізеді деп үміттенеміз», — деді Жанат Жахметова.

Компания мамандары форум қатысушыларына Теңіз кен орнында сәтті енгізілген инновациялық технологиялар туралы айтып берді. Мәселен, ТШО-ның барлық автокөлік паркі көлік қауіпсіздігі интеллектуалды жүйесімен қамтылған. Ол дыбыстық сигнал беру арқылы жүргізушінің шаршау деңгейін бақылауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жазатайым оқиғаларды азайтуға және қызметкерлер

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«Қазақстандық қамтуды арттыру — ТШО-ның басым бағыттарының бірі. Біз үшін отандық компанияларымен бірге жұмыс жасап, олардың дамуына күш-жігер жұмсау маңызды. Біздің мақсатымыз — АТ мамандарының үлесін барынша арттыру. Сол себепті, форум қарсаңында «Цифрлы Теңізшевройл–2022» атты Хакатон шарасын өткіздік. Берілген мәселенің оңтайлы шешімін тапқан командалар ТШО-мен келісім-шартқа отыру мүмкіндігіне ие болды», — деп атап өтті ТШО-ның цифрландыру бойынша чемпионы Марат Куатов.

Айта кететін жәйт, Хакатонға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 30-ға жуық команда қатысты. Қазылар алқасы мүшелерінің бірі, ТШО-ның цифрландыру жөніндегі кеңесшісі Азидолла Қисметовтың айтуынша: «Шешім ғана емес, сонымен қатар компанияның жалпы даярлығы мен құзыреттілігінің деңгейі бағаланды».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

СӘТ-САПАР!

АЛМАТЫДАН – АЛАКӨЛГЕ!
Бұл екі аралыққа бес пойыз қатынайды

«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы «Алматы-2» – «Достық» бағытында қатынайтын екі жолаушылар пойызын іске қосады. Талго вагондарынан жасақталған құрамдар Алакөл бағытында жүріп тұрады.



№211/212 пойызының жүру жиілігі:

- Алматы-2 станциясынан құрам 2022 жылғы 16 маусым – 30 тамыз күндері аралығында, жұп күндері жолға шығады. «Достық» станциясынан Алматыға 2022 жылғы 17 маусымнан 31 тамызға дейін тақ күндері жүреді.

№453/454 пойызының жүру жиілігі:

- Алматы-2 станциясынан 2022 жылғы 16 маусым – 30 тамыз аралығында сейсенбі, бейсенбі және жексенбі күндері жөнелтіледі. «Достық» стан-

циясынан Алматыға 2022 жылғы 17 маусымнан 31 тамызға дейін дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері жолға шығады.

Алакөл бағытында биыл жалпы 11 пойыз жүреді деген мәлімет бар, оның тоғызы «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының құрамдары болса, екеуі — жеке тасымалдаушылар. Он бір пойыздың бесеуі — Алматыдан қатынайды. Жазғы демалыс маусымында Алакөлге жолсапарға шығатын алматылықтарға — сәт сапар!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

Бүгінде бөтен елде отырып, арам пиғылын оп-оңай жүзеге асыратын интернет алаяқтары тым көбейіп барады. Биыл тұңғыш рет Алматы академиясы осындай киберқылмыстарды анықтаумен айналысатын IT-мамандар оқытып шығарды. Олардың 2-еуі ҚР ІІМ Орталық аппаратында қызмет атқаруға жолдама алды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазіргі таңда сұранысқа ие заманауи мамандар даярлайтын Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясын биыл 276 курсант бітіріп шықса, оның ішінде 42 курсант ақпараттық жүйелер мен радиотехника, электроника және телекоммуникация бойынша білім беру бағдарламасын аяқтады.

Жылдан-жылға қарқын алып келе жатқан киберқылмыс тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл дүние жүзін алаңдатып отырғаны белгілі. Бұл орайда, елімізде кибершабуылдарға қарсы атқарылып жатқан жұмыстар да

ауқымды. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі істер органдарының қызметкерлеріне озық технологияларды пайдалана отырып, электронды қылмыстық істерді тергеуді және ашуды жаңа деңгейге көтеруді тапсырған болатын.

Осындай маңызды міндетті орындау мақсатында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бас-

тап ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясында Кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау факультетінің жанынан Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі мамандарды даярлау орталығы ашылды.

— Бұл орталық киберқылмыстарды ашумен және анықтаумен айналысатын мамандардың біліктілігін арттырумен айналысады. Орта-

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫ
енді тайрандай алмайды

лықты ашу қарсаңында біз шетелдердің киберқылмысқа қарсы күрес және осы сала мамандарын даярлау тәжірибесін зерттедік. Соңғы жылдары елімізде интернет арқылы жасалатын қылмыстар екі есеге артып отыр. Интернет алаяқтық, әсіресе, онлайн қызмет көрсету дамыған сайын артуда. Сондықтан біздің кәсіби мамандар бұл бағытта тындырымды, нәтижелі жұмыс істейтініне сенемін, — дейді Академия бастығы, полиция полковнигі Айдар Сайтбеков.

Академияның Кәсіби дайындық факультетінің биылғы түлектеріне алғашқы полиция лейтенанты арнаулы атағы мен диплом тапсыру рәсіміне ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.Саденов, Академияның Ардагерлер кеңесінің төрағасы генерал-майор Т.Қабденов, «Генералдар кеңесі» РҚК төрағасының бірінші орынбасары генерал-лейтенант Б.Сәрсеков және М.Оразалиев, М.Нүкенов, Ж.Кенжетас сияқты генерал-майорлар, отставкадағы полиция полковнигі Д.Құсайынов, ҚР ІІМ Қоғамдық кеңесінің төрағасы Р.Ошақбаев және академияны бітірушілердің ата-аналары мен туыстары қатысты.

Академия түлектері атынан сөз алған полиция лейтенанты Н.Тойлыбай ішкі істер органдарында қызмет атқару барысында Отан алдындағы антқа адал болып, Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін еңбек ететіндерін мәлімдеді.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

Инженерлік жұмыстар аяқталып қалды

«Almaty aqshamy», №65, 9 маусым, 2022 жыл.
«Көпшіліктің сұрауы шешімін таба ма?»



«Ақшам» арқылы айтамыз» айдарымен жарияланған бұл шағын мақалада алматылықтар қала көшелеріндегі қоғамдық дәретханалардың неге әлі күнге дейін іске қосылмағанын білгілері келетіні жазылған. Біз мәселенің мәнін білу үшін Алматы қаласы Туризм басқармасына ресми хат жолдаған едік. Аталмыш мекемеден мынадай жауап келді:

«Қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында, сондай-ақ, тұрғындардың Алматы қаласы бойынша санитарлық-гигиеналық тораптарды орналастыру қажеттілігі туралы сұраныстарына орай Туризм басқармасы 2021 жылы туристер қызығушылық танытады-ау деген жерлерге 20 СГТ

(санитарлық-гигиеналық торап) орнатқан.

Шарт бойынша СГТ орнату жұмыстары 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталды. Оларды инженерлік желілерге қосу жұмыстары 2022 жылдың қаңтарына жоспарланған болатын. Бірақ жұмысты белгіленген мерзімде орындауға мүмкіндік болмады. Себебі, қалада орын алған қаңтардағы төтенше жағдай жұмыстарды уақытша тоқтатуға себеп болды. Қазіргі таңда СГТ-ларды инженерлік желілерге қосу жұмыстары аяқталып қалды. Мәселені жедел шешуге аудандық әкімдіктер жұмылдырылды.

Бүгінгі таңда нысанды сенімгерлік басқаруға беру шеңберінде жеке компаниялар арасында байқау өткізу жолы қарастырылуда. Биыл басқарма жаңа СГТ орнатуды жоспарламайды.

Қоғамдық дәретханалар тиын қабылдайтын арнайы құрылғылар және QR-code жүйесі арқылы төлем қабылдайды. Бүгінгі таңда Алматы қаласының коммуналдық меншігінде 41 санитарлық-гигиеналық торап бар. Олардың ішіндегі 20-сы мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған пандустармен жабдықталған».

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Қоқыстан қашан құтыламыз?



– Райымбек даңғылы мен Розыбакиев көшелерінің қиылысында жұртшылық «оптовка» атап кеткен үлкен көтерме сауда базары бар. Халықтың көбі бұл жерге бағасы нарықтағы бағадан төмен болған соң көп келеді. Сондықтан көпшілік жиналатын орындар санитарлық талаптарға сай болуы шарт. Өкініштісі, бұл талаптарға базардың өзінен бұры айналасы сай емес. Маңындағы көшелердің бойындағы үйілген қоқысты ешкім көзіне де ілмейтін халге жеткен. Міне, мынау кеше ғана түсірілген сурет. Бұл қоқыстың жатқанына «сізге – өтірік, маған – шын», шамамен айға жуық уақыт болды. Мен осы жолмен күнде жүремін. Әлі жатыр... Сонда бұл

аумақты ешкім бақыламай ма? Тазалығына жауапты қандай мекеме?», – дейді редакциямызға хат жолдаған Гүлзат есімді оқырманымыз.

Жасыратыны жоқ, Алматының кейбір көшелерінде қоқыс үйіліп жатады. Әсіресе, адам аяғы көп келетін қала базарларының маңайында бұл мәселе көзге ұрып тұр. Шырайлы шаһардың сәніне сын келтіретін қоқыс мәселесі қашан шешімін табады? Ол әзірге белгісіз. Біз оқырманымыздың сауалына жауап іздеп «оптовка» аумағына жауапты Алмалы ауданы әкімдігіне телефон шалдық. Бірақ тұтқаны ешкім көтермеді. Сауалымызға жауап алу үшін ресми хат жолдадық. Әзірше жауап келмеді.

АЛАТАУ АУДАНЫ



Суреттері түсіріп Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қураған ағаш қауіпті

– Ағаш – жердің көркі. Көшенің сәні. Ол – рас. Бірақ олар да қартайды, олар да тіршілігін тоқтатады. Алматыда мұндай ағаштар көп.

Сонау кеңес заманында отырғызылып, әлі күнге дейін қалаға сән беріп тұрғандары жетерлік. Шынқожа батыр көшесінің бойында ескі көлшік маңындағы мына бір ағаш та сол заманның куәсі болса керек. Тамырына су жетпеген соң құлауға шақ тұр. Діңі жуандап, бұтақтары

ескіріп барады. Менің ойымша, енді мұндай қартайған ағаштарды ұзақ ұстаудың қажеті жоқ. Қартайған ағаш құлайды. Қалада күтімсіз қалған ағаштардың салдарынан көше бойындағы жол белгілері жабылып қалып, көлік қозғалысы қиындаған жайттар аз емес. Ол аз десеңіз, бұтақтары электр желілері мен басқа инженерлік тораптарға тиіп, оларды зақымдауы мүмкін. Айдың-күннің аманында басымызға ағаш құлап, жазатайым болып жүрмейік. Қазақта: «Сақ-

тансаң – сақтаймын» деген жақсы сөз бар. Ендеше, мынадай ағаштар кімнің басына құлар екен деп күтіп отырмай, тиісті орындар өз жауапкершілігіне алса екен, – дейді Сәбит есімді Алатау ауданының тұрғыны.

Алатау ауданы әкімдігінің қызметкерлері аудан тұрғынының өтінішін жерге тастамайды деп сенеміз. Өйткені, мұндай ағаштардың қауіпті екенін сіз де, біз де жақсы білеміз.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

«Су неге жоқ?»

Наурызбай ауданына қарасты «Қарағайлы» ықшамауданында су жоқ. Тәжиев көшесінің тұрғындары аптап ыстыққа сусыз отырудың қаншалықты қиын екенін айтты, редакциямызға хат жолдапты.

«Кешегі күнге дейін үздіксіз ағып тұрған суымыз аяқасты тоқтап қалды. Ұзынқұлақтан естуімізше, бұдан былай суды водовозбен тасып ішетін көрінеміз. Себебі, қарапайым тұрғындардың суын үлкен құбыр жалғап төменгі бөліктегі элиталық үйлерге бұрған дейді-мыс. Бұл қаншалықты ақылға қонымды. Күн болса ысып келеді. Жаздығүні сусыз отырудың мүмкін емес екендігін біле тұра, бұл не сұмдық?», – дейді тұрғындар атынан хат жолдаған Қуантай Бұлтақбаева есімді оқырманымыз.

Тұрғындар сауалын біз «Алматы Су» мекемесіне жолдадық. Аталмыш мекеменің баспасөз қызметінен көп ұзамай мынадай жауап келді: «Жаз мезгілдерінде судың көп мөлшерде жұмсалыуына және қолданыстағы су өтетін желілердің диаметрлері шағын болғандықтан, «Қарағайлы» шағынауданында су жеткіліксіз деңгейде болып, сумен жабдықтауда айтарлықтай іркілістер орын алып жатады. Мұндай жағдайларда аудан тұрғында-



рын сумен жабдықтау су тасығыш көліктер арқылы жүзеге асырылады. Судың жетіспеуіне байланысты, аудандық қызметтердің күшімен су беру кестесін реттеу жүргізіліп жатқанын қосымша хабарлаймыз».

Азаматтардың өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Осы тұрғыдан қарағанда, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, тұрғындар сауалына уақыт оздырмай жауап беретін «Алматы

Су» мекемесінің қызметін көпке үлгі етуге тұрарлық деуге болады. Өйткені, олар қала аумағында су мәселесіне қатысты барлық жайттан хабардар болғандықтан сұранысымызға мүдірмей жауап бере алады. Сауалыңды жауапсыз қалдырмайтын мекеме мамандарына біз де, тұрғындар да разымыз. Қысқасын айтқанда, судың жоқтығы жаздыкүнгі бау-бақша суару жұмыстарымен байланысты екенін түсіндік. Сондықтан тұрғындарға бұл олқылықтың уақытша екенін тағы бір мәрте ескерткіміз келеді.

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ НЕ ДЕЙДІ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, қазіргі таңда жалпы ел аумағында проблемалық несиелердің саны біршама азайған. Бұл халықтың қаржылық сауаты артып келе жатқандығынан ба, әлде басқа себеп пе, әйтеуір қит етсе несие алып, оны төлей алмай жүретіндердің қатары азайғаны қуантады.



үлесі 2022 жылғы 1 наурызда 90,3% болған. 2022 жылдың наурыз айында 1,9 трлн теңгеге жаңа несиелер берілді, бұл 2022 жылғы ақпанмен салыстырғанда, 5,5%-ға артық», – деп хабарлайды Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

Наурыз айында жеке тұлғаларға ұлттық валютада берілген несиелер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 18%-ға дейін төмендеді. Ал 1 наурыздағы жағдай бойынша бұл көрсеткіш 18,4% болды. Наурыздың аяғында 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздардың жалпы несие портфеліндегі үлесі 3,6% (2022 жылдың басында – 3,3%) болды. Жеке тұлғалар портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздар деңгейі 3,7% болды.

Осындай көрсеткіштерге қарамастан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің баспасөз қызметі 2020 жылдан бергі динамикаға қарағанда, яғни агенттік

құрылғаннан бері проблемалық несиелер көлемінің төмендеу тенденциясы айқын байқалатынын хабарлады.

Мысалы, егер 2020 жылы 90 күннен астам мерзімі өткен несиелердің үлесі 7,88% немесе 1 230 515 070 теңге, ал 2021 жылы 6,53% немесе 1 237 094 097 теңге болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 387,83,3% немесе 2021 жылы 6,53% төмендеген. Агенттік мұны кейбір ірі ойыншылардың нарықтан кетуімен, сонымен қатар кейбір банктердің провизиялар есебінен проблемалық несиелерді есептен шығаруымен байланыстырып отыр.

Бүгінде Қазақстанда 22 екінші деңгейлі банк жұмыс істейді. Оның ішінде 14-і – шетелдермен байланысы бар банктер, 11-і – еншілес банктер.

«Биылғы жылдың наурызында жеке тұлғаларға берілген несиелер 1,2% өсіп, 11,2 трлн теңгеге жеткен. Ұлттық валютадағы несиелер көлемі 2022 жылғы наурызда 1,7% -ға өсіп, 17,4 трлн теңге болды. Шетел валюта-сындағы несиелер көлемі негізінен теңге бағамының 495 теңгеден 467 теңгеге дейін нығайуы нәтижесінде 1,9 трлн теңгеге дейін (8%) қысқарды. Теңгедегі несиелердің

Айнұр
СЕНБАЕВА

Ұлттық банктің деректеріне сүйенсек, банктердің тұтынушылық мақсаттарға арналған несие портфелі 6,3 триллион теңге, оның 546 миллиарды қысқа мерзімді, 5,7 триллионы ұзақ мерзімді, яғни бір жылдан астам мерзімге алынған.

Еліміздегі қаржы мамандары келтірген деректерге сәйкес, ең көп несиені алматылықтар алады екен. Одан кейінгі орында елордалықтар мен шымкенттіктер. Ал ең аз несиені Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облыстарының тұрғындары алатын көрінеді.

АНТИКОР

ЖАҢА КОМИТЕТ
ҚҰРЫЛАДЫ

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комитетін құру туралы шешім қабылданды.

Досбол
АТАЖАН

«Antikor ortalygy» алаңында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің көшпелі отырысы өтті. Кездесу барысында Қоғамдық кеңес мүшелері мен қоғам қайраткерлеріне ведомствонның қазіргі жұмысы және ҚР 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының іске асырылуы туралы хабардар етілді.

Отырыста Қоғамдық кеңестің жанынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл мәселелерімен айналысатын жеке комитет құру туралы шешім қабылданды. Департамент басшысы Асхат Оразхан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен азаматтық сектордың сындарлы өзара іс-қимылының маңыздылығын атап өтті.

– Біздің бірлескен жұмысымыз сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтарының санын азайтуға көмектеседі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда оң нәтиже береді деп үміттенеміз. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарының сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын заңсыз іс-әрекеттерін анықтау мақсатында нақты жұмыс құрып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізуге, мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізуге, қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен өткізуге бірлесе күш жұмылдыру қажет, – деді спикер.

– Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау саласындағы міндеттерінің бірі – халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту. Қоғамдық кеңес жанындағы осы комитеттің құрамына белсенді азаматтық ұстанымы бар адамдардың кіруі өте маңызды, қойылған мақсаттар үшін барлық сараптамалық әлеуетті тарту қажет, – деді Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Алтынай Көбеева.

Іс-шараға қатысушылар комитеттің құрамы мен алдағы іс-шаралар жоспарын талқылады.

ІС-ШАРА

КЕРІ ӘСЕРІ ТИМЕСІН...

алматылық кәсіпкерлер дивидендтке салынатын салыққа қарсы

14 маусымда Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының алаңында Салық кодексіне дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктердің күшін жоятын түзету енгізуге қатысты баспасөз конференциясы өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиынға спикер ретінде Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов, Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Максим Барышев, Өңірлік кеңес мүшесі, «Фирма «Тигрохауд» ЖШС бас директоры Жанар Құрабаева, «Қазақстан автокөлікшілер одағы» ЗТБ бас директоры Сәбит Аманбаев, Sayat Zholshy&Partners адвокат кеңесінің серіктесі Елена Тюрейкина қатысып, сөз сөйледі.

«Алматы кәсіпкерлері Салық кодексіне дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктерді алып тастайтын жаңа түзетулердің енгізілуіне алаңдайды. Кәсіпкерлердің пікірінше, бұл норма бизнеске екі есе салық салуына алып келеді, инвестициялардың тиімділігі мен Қазақстанның инвесторлар үшін тартымдылығын төмендетеді», – деп атап өтті Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Еске салсақ, 8 маусымда Парламент Мәжілісі отырысында екінші оқылымда, шұғыл заң жобасы аясында Салық кодексіне түзетулер қабылданды. Бұл түзетулер шағын және орта бизнес субъектілері үшін дивидендтерді салық салудан босату түріндегі жеңілдіктерді алып тастауды көздейді. Осылайша 2023 жылдан бастап резидент еместер мен жеке тұлғаларға төленетін дивидендтер (егер дивидендтер сомасы 30 000 АЕК-тен асатын болса) бойынша жеңілдіктер алынып тасталады.

Ұлттық палата мамандары Салық кодексіне енгізілген түзетулерге қатысты пікір білдіріп, түзетулер қабылдануы отандық шағын және орта бизнеске теріс әсер етуі мүмкін екенін және оларды енгізуге неғұрлым жүйелі қарау қажеттігін атап өтті.

«Дивидендтерге салынатын салық қазір мынадай тәртіпте төленеді – егер кәсіпкер компанияны 3 жылдан аз уақыт иеленсе, онда

дивидендтер алған кезде ол 5% төлейді, егер компаниясына 3 жылдан астам уақыт болса, дивидендтерге салық салынбайды. Қазір дивидендтерге 10% мөлшерлемесі белгілеу ұсынылды. Егер біз жаңа Қазақстанның қарқынды дамуын қаласақ, онда қосымша салықтар енгізетін түзетулердің күшін жойып, түсінікті Салық кодексін жасап, кодекске кем дегенде 3 жылға өзгерістер енгізуді тоқтату қажет», – деп атап өтті Алматы қаласы ӨКП Өңірлік кеңесінің төрағасы Максим Барышев.

Спикер қазіргі кезде еңбекақыға 6 түрлі салық салынатынын айта келіп: «Еңбекақыға салынатын барлық салықты біріктіріп, бірыңғай салық мөлшерлемесін 20%-дан аспайтын етіп жасауды ұсынамын. Мұндай мөлшерлемесі еңбекақы қоры үшін оңтайлы екенін әлемдік тәжірибе көрсетті», – деп толықтырды Максим Барышев.

«Қазақстан автокөлікшілер одағы» ЗТБ бас директоры Сәбит Аманбаев бұл салық кәсіпкерлерге айтарлықтай зиян тигізеді деп есептейді.

«Себебі, бұл норма кәсіпкер өзі тапқан таза пайдаға қосымша салық болып отыр. Біз корпоративті табыс салығын төлеуіміз жалпы жеткілікті болуы керек қой. Ал бұл нормада екінші қосымша салық салынбақ. Бұл қосымша жүктеме бекітілсе онда кәсіпкер табысты жасыру жолын іздей бастайды, «көлеңкеге» қашады. Бұл норма кәсіпкерліктің дамуына кедергі, мемлекеттік саясатқа қайшы», – деді «Қазақстан автокөлікшілер одағы» ЗТБ бас директоры Сәбит Аманбаев.

Спикердің пікірінше, мұндай өзгерістер жеке тұлғалардың жұмысына кедергі келтіреді, өйткені олардың табысына түсетін салық ауыртпалығы артады.

Алматы кәсіпкерлері дивидендтерге салық салу бойынша қолданыстағы жеңілдіктердің күшін жою негізсіз екенін және бұл инвестициялардың кетуіне әкеледі деп санайды. Бизнес өкілдері ҚР Парламенті Сенаты осы түзетулерге қатысты көптеген қарсылықтарға назар аударып, дивидендтер бойынша қолданыстағы жеңілдіктердің күшін жоюға жол бермейді деп үміттенеді.



БӘРЕКЕЛДІ!



ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ»



Айнұр
СЕНБАЕВА

(Басы 1-бетте)

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені тапсырылсын, делінген құжатта. Осыдан оншақты күн бұрын белгілі композитор

Қалдыбек Құрманәлінің мұрындық болуымен Төрегелді Шарманов, Асанәлі Әшімов, Нұрғали Нүсіпжанов, Мұхтар Шаханов секілді ақсақалдар бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына хат жолдаған болатын. Мемлекет басшысы өз атына жолданған хаттағы ұсынысты бірден назарға алып, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

Қалдыбек ҚҰРМАНӘЛІ, композитор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, шәмшітанушы:

ҚАЗАҚ БАРДА ШӘМШІ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ!

Қуаныштан жүрегім жарылардай болып толқып отырмын. Қазақ халқынан, Шәмшінің әнін сүйетін әрбір тыңдарманнан сүйініш сұраймын! Жасыратыны жоқ, Шәмші Қалдаяқовқа атақ беріледі деп ойлаған жоқпын. Бірақ «әрекетке – берекет» демекші, Құдай қолдап, міне, қуанышты хабар да көп күттірген жоқ. Бұл күллі қазақ халқының қуанышы деп қабылдаймын. Мұндай қуанышқа ел басшыларының дұрыс саясатының, Жаңа Қазақстанның арқасында жетіп отырмыз.

Шәмші Қалдаяқовқа тек Еңбек Ері атағы ғана емес, Шымкент қаласының бір ауданының атын беру туралы мәселені де біраз қоғам қайраткерлері көтеріп жүр. Алла қаласа, сол күнге де жетерміз. Кез келген адам қуанышты көзінің тірісінде көргісі келеді ғой. Шәмшінің құрмет тұтатын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин бастаған азаматтар бар.

Шәмші ағамыздың шығармашылығын зерттеп жүрген насихаттаушысы ретінде бүгінгі қуанышқа куә болып отырғаным қуаныштымын.

Былтыр жүрегіме күрделі ота жасалған кезде Шәкеңнің 100 жылдығына жетсем екен деп тілеген едім. Құдай қаласа, 8 жылда Шәмші ағамыздың ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтетін ғасыр тойына да жетерміз. Қазақ барда Шәмшінің есімі ешқашан ұмытылмайды, әндері мәңгі жасайды.

ФОРУМ

Алматы қаласында «Зерттеу университетінің қазақстандық моделі – 20 жылдық даму тәжірибесі» атты халықаралық форум және ТМД жетекші аграрлық ЖОО ректорлары кеңесінің кеңейтілген отырысы болып өтті.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында өткен форумның негізгі мақсаты – Ұлттық зерттеу университетіне трансформациялану бойынша ҚазҰАҰ-дың өз тәжірибесін тарату, ТМД елдерінің аграрлық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығын дамыту, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылым саласындағы нәтижелермен алмасу және аграрлық білім мен ғылымның сапасын арттыру үшін тиімді және сындарлы басқару шешімдерін қабылдау болып табылады.

Іс-шараға ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, «ҰАҒБО» КеАҚ Басқарма төрағасы Дархан Балпанов, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев (онлайн форматта), мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы,

ЖҮЙЕЛІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Алматыда халықаралық алқалы жиын өтті



Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов, QS ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының Аймақтық директоры Сергей Христов, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің жетекші аграрлық жоғары оқу орындары Ректорлар кеңесінің мүшелері, Қазақстан, ТМД және шетелдік жоғары оқу орындарының ректорлары, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академиктері мен ғылыми ұйымдардың жетекшілері қатысты.

Форумды ашқан ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау лебізін жеткізді.

Министр Е.Қарашөкеевтің айтуынша, еліміздің аграрлық секторын дамыту бүгінде ұлттық экономиканың жедел өсуінің негізгі буыны болып табылады. 2025 жылдың соңына дейін есептелген жаңа Ұлттық жобадан көрсетілген агроөнеркәсіптік кешеннің басты міндеті – елді негізгі азық-түлікпен толық қамтамасыз ету екені атап айтылды.

«Бұл мәселені шешу үшін бәсекеге қабілеттілікті арттыруды же-

делдету, ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін өндіріске, сондай-ақ инновациялық технологияларға енгізу және тиімді агротехнологиялар трансфертін жүзеге асыру қажет. Біздің жоғары оқу орындарымыздың ғылыми әлеуеті жоғары екені баршаға мәлім. Болашақ мамандар жаңа білімнің аясында тәрбие алады, әрі болашақта өндірісте тиімді басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті инновациялық технологияларды игеретін сапалы кадрлар қатарын толықтырады. Іс жүзінде ҚазҰА-

ЗУ-дың «білім-ғылым-өндіріс» инновациялық сипаттағы нәтижелері отандық агроөнеркәсіпті дамуына үлкен әсер ететінін көріп отырмыз», – деп атап өтті министр.

Форум аясында университетте азық-түлік қауіпсіздігі бойынша Халықаралық зерттеу орталығы және Халал ашылды, ол ИБҰ елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық аграрлық ғалымдар мен халықаралық сарапшылардың күш-жігерін шоғырландыру үшін диалог алаңына айналады.

Бүгінгі таңда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті іс жүзінде еліміздің бәсекеге қабілеттілігіне нақты әсер ететін аграрлық секторды жедел дамытуды білім беру, ғылыми, инновациялық қызметінің ядросына айналды.

Форум аясында ТМД-ның жетекші аграрлық жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Онда жоғары білім берудің өзекті мәселелері мен оны дамыту перспективалары егжей-тегжейлі қаралды.

Форумға қатысушылар бірлескен белсенді жұмыстар үшін өз ризашылықтарын білдіріп, ТМД-ның жетекші аграрлық жоғары оқу орындары Ректорлары кеңесі қызметінің барлық бағыттары бойынша жемісті ынтымақтастықты жалғастыруға келісті.

«БАЙ-ҚУАТТЫ БОЛАЙЫҚ!»

Алматы музейінде белгілі қоғам қайраткері, тележурналист Нұртілеу Иманғалиұлының 70 жылдығына арналған «Бай-қуатты болайық» атты көрме ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Осы аттас алғашқы көрме Нұр-Сұлтан қаласында өткен айда Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ұйымдастырылған болатын. Енді Алматы төрінде ашылып отыр. Негізі, Нұртілеу Иманғалиұлының көзі тірісінде бүкіл елді аралап «Бай-қуатты болайық!» деген көрме ұйымдастыру ойында болған екен. Марқұмның сол арманын дос-еріптестері, жары жүзеге асыра бастады. Ал жақсы бастамаға Алматы қаласының әкімдігі қуана-қуана қолдау көрсетті.

Нұртілеу Иманғалиұлы – Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің түлегі. 1974 жылдан бастап Қазақ телевизиясының «Жастар» редакциясында тілші, редактор, бас редактор, саяси шолушы, «Хабар» агенттігінде модератор-жүргізуші болып абыройлы қызмет етті. 2003–2006 жылдары ҚР Үкімет Кеңесінің Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі, ҚР Президент Әкімшілігінде бас маман қызметтерін атқарды. Ал 2006–2008 жылдары Республикалық «Қазақстан» телерадиокорпорациясында Басқарма төрағасы болып еңбек етті. Қазақ телевизиясында осылайша ізі сайрап жатқан тұлға

халқымыздың рухани-мәдени байлығын дамытуға үлкен үлесін қосып кетті. Оның шығармашылық жолы туралы еріптестері, телевизия майталмандары, журналистика жүйріктері әңгімелеп, жылы естеліктерімен бөлісті.

Иә, ол саналы ғұмырының жарты ғасырын телевизияға арнаған жан. Қазақ телевизиясындағы 4500-ден астам хабардың авторы. «Құрдастар», «Жастар дауысы», «Арай», «Алтыбақан», «Бетпе-бет», «Қолтаңба», т.б. авторлық бағдарламалары да «патша көңілді көрермендерінің» есінде.

Нұртілеу Иманғалиұлы Қазақстанның құрметті журналисі, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, өзі өмірге келген Жетісу облысы және Ақсу ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, 2018 жылы «Парасат» орденімен марапатталған.

Көрмеде оның ұстаған жеке заттары, эфирде киген киімдері, ұлттық костюмдері, құжаттары, кітаптары мен марапаттары қойылған. Зер салып қараған жанға әр дүние әр сәттен сыр шертіп береді.

«Бай-қуатты болайық» атты көрмелер тізбегі жыл бойына Қазақстанның басқа қалаларында да жалғасын таппақ. Ал нүктесі жыл соңында туған жері Жетісу облысында қойылмақ.

Суретті түсірген автор.



САРАПТАМА

ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ

Мемлекеттің басты құндылығы – оның азаматтары

Адам тағдыры...

Бұл сөз тіркесі есімізге алдымен Михаил Шолоховтың осы аттас шедеврін түсіретіні күмәнсіз. Рас, ол заманда адам тағдыры атты пәлсафалық материя сөз жүзінде ғана ауызға алынды. Ал өмір шындығындағы жағдай мүлдем басқа еді.

Бұл орайда Қазақстанның жаңа басшылығын шынайы демократияға қарай өзгелерден бұрын, ертерек, тыңнан жол салды деуге әбден болады. Оған күні кеше өткен бүкілхалықтық референдум куә.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің берген деректеріне қарағанда, дауыс беруге 11,7 миллион азамат қатысты. Бұл бүкіл халықтың 70 пайызға жуығы. Осының өзі-ақ күні кешегі референдумның маңызын аша түседі.

Бұл жолғы референдумның бір ерекшелігі – оны ұйымдастырушылар шараға ел азаматтарының толық қатысуына мүдделілік танытты. Шетелдерден 65 дауыс беру учаскесі ашылып, шетте жүрген азаматтардың 73 пайызы дауыс берді.

Қазақстанда өткен ел тарихындағы осы екінші референдум халықаралық сарапшылар тарапынан да жоғарғы баға алғанын айта кетуге тиістіміз. Дауыс берушілердің 77 пайызы қолдаған референдумның маңызы неде еді дегенге тоқталайық. Алдымен онда елдің Негізгі Заңына өзгерістер енгізу мәселесі көтерілді. Оның үстіне бұл жолғы ықтимал өзгерістер халықтың көкейіндегі талап пен сұраныстарға сәйкес болатын.

Референдумға даярлық барысында алдымен бұқаралық ақпарат құралдарына «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына сәйкес Заңға өзгертулер енгізуге қатысасыз ба?» деген жалпыға ортақ сауал жарияланған болатын.

Өйткені, Екінші республиканың даму барысының алғышарты есебіндегі осы референ-



дум бойынша Қазақстан Республикасының Негізгі Заңының 33 бабына өзгерту енгізілуге тиісті еді. Бас-аяғы құжатқа билік тармақтары арасындағы теңсіздікті жоюға, халықтың табиғи байлыққа қатыстылығы мен адам құқығының қорғалуына байланысты 56 түзету енгізілу көзделген болатын.

Референдум сәтті өтті. Соған байланысты межелі биіктердің бәрі алынып, Конституцияға өзгерістер енгізілді. Бұл жолғы жаңалықтың ең бастысы – адам құқығына байланысты. Жаңартылған Конституцияға сәйкес осыдан бастап, қазақстандықтар Конституциялық сотқа шағымдана алады, Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесі бойынша сайлап, электраттың үмітін ақтамаған бір мандатты депутаттарды мандатынан айыра алады.

Қарапайым халықтың құлықпен күткен тағы да бір мәселесін айтпай кетуге болмас. Жасыратыны жоқ, бұрынғы басшылық тарапынан жіберілген олқылықтар салдарынан елдегі біраз өзекті мәселенің кері бағытта қарастырылғаны өтірік емес.

Оның үстіне, бұрынғы басшылық демократиялық парламентаризмнен гөрі біржақты басшылыққа басымдық берді. Ал ХХІ ғасыр жағдайында ол – ешқандай халықаралық талапқа сәйкеспейтін әрекет.

Осы мәселеге байланысты еліміздің басты Заңынан Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі туралы ереженің алынып тасталғанын айтуға тиістіміз.

Бұл да Екінші республика жағдайында қолға алына бастаған демократиялық үрдіс-

тердің айқын нышаны. Себебі, осыдан бастап қызмет барысындағы Мемлекет басшысы саяси партияларды басқару құқығына ие бола алмайды. Сондай-ақ, оның туысқандарының мемлекеттік қызмет пен квазисектордағы басшылық орындарды иемденуге қақысы жоқ.

Осыған дейін Қазақстан халқын қатты толғандырып, біраз дау тудырған тақырыптың бірі – жер мәселесі. Әсіресе, бұл мәселе топырағы құнарлы Қазақстанның солтүстігіндегі астықты өңірлерінде қатты ушықты.

Астықты өңірдегі ең құнарлы егіс алқаптарының көбі құзырлы қызметтегі латифундистердің иелігіне кетті.

Әлбетте, бұл әділетсіздік еді.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы, тарихындағы екінші референдумның ең маңызды тақырыбы адам тағдырына байланысты. Шынында да, мемлекеттің басты құндылығы – оның азаматтары.

Бұған дейін халықаралық ұйымдар тарапынан Қазақстандағы адам құқығының бұрмалануына байланысты сан алуан қарсылықтар болғаны өтірік емес. Елдің жаңа басшылығы бұл мәселені де басты назарға алғаны даусыз.

Бұл тұрғыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Іс жүзінде мемлекет пен қоғам арасындағы парадигма өзгеру үстінде. Бірінші планға адам құқығы шықты әрі ол өте маңызды. Конституцияда Адам құқығы жөніндегі өкілдің статусы жаңаша форматқа, мазмұнға ие болады. Ол адам құқығы бойынша Конституциялық сотқа шағымдана алады», – деп ресми түрде атап көрсеткенін де айта кетуге тиістіміз.

Сонымен, қазақ елі жаңарған республика жағдайында жаңа белеске қадам басып отыр. Әрі ол – ел тарихындағы аса елеулі оқиға.

Іске сәт, Екінші республика!

Өмірзақ МҰҚАЙ.

КОЛЛЕДЖ

ОРТА БІЛІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Биылғы жылы да білімін колледжде жалғастырғысы келетін жастар қатары жылдағыға қарағанда екі есеге өсіп отыр. Әрине, бұл ең алдымен жастардың таңдауы. Жастардың кейбірі әлеуметтік жағдайға байланысты да бұл қадамға барып отырғанын айтса, енді бірі ертерек үлкен өмірге араласқылары келетінін жасырмайды.

Бізге көбіне сабағын нашар оқыған бала ғана колледжде оқиды деген түсінік қалыптасқан. Шындығында, мүлдем олай емес. Адамның жеке өмірі, отбасылық жағдайы деген болады. Сондықтан бұл әркімнің жүрек қалауы.

Нақты деректерге сүйенсек, биылғы жылы Алматыда колледж бітірген түлектердің 76%-ы жұмысқа орналасқан көрінеді. Мұның басты ерекшелігі – колледждердің көбіне сұранысқа сай мамандарды даярлайтыны. Сондықтан жұмыс табу жағы аса қиындық туғыза қоймайды. Колледждердің көп жағдайда ұтатын

жері – шапшараз, аспазшы, даяшы, кассир, тігінші, дәнекерлеуші, әрлеуші, сырлаушы, құрылысшы сияқты нарықта сұранысы жоғары мамандарды оқытады.

Бүгінде Алматыдағы 83 ортаарнайы оқу орнының 22-сі мемлекеттік мекеме, ал 47-і колледж, олар мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытады. Сонымен қатар, колледжде оқитын студенттерге шәкіртақы мен бір мезгіл ыстық тамақ беріледі. Алыстан келгендерге жатақханадан орын беретін колледждер де бар.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ДЕМАЛЫС

Шілде айында қанша күн демаламыз?

Қазақстандықтар үшін биылғы шілдеде демалыс күндерінің саны артқан сыңайлы.

Аптасына бес күн жұмыс істейтін қазақстандықтар үшін 20 жұмыс күні мен 11 демалыс күні болады. Ал алты күн жұмыс істейтіндер үшін 25 жұмыс күні мен 6 демалыс күні болады.

Сонымен қатар, осы айда екі мерекені атап өткелі отырмыз. Биыл, Елорда күні – 6 шілдеге, яғни сәрсенбіге тура келгендіктен басқа күнге ауыстырылмайды. Сол үшін қазақстандықтар аптаның ортасында бір күн демалатын болады. Биылғы Құрбан айттың бірінші күні сенбіге, 9 шілдеге тура келіп тұр. Бұл күн сенбі, әрі демалысқа тура келгендіктен басқа күнге ауыстырылмайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЛІМ



ЖАЗҒЫ МЕКТЕПТІҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Әуезов ауданында орналасқан байырғы білім ошақтарының бірі – №104 жалпы білім беретін мектеп ұжымы оқу жылы аяқталысымен жазғы мектеп жұмысына кірісіп кеткен еді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, білім саласындағы олқылықты жою – күрмеуі қиын, қай кезден бері шешімі табылмай келе жатқан күрделі мәселе.

Осыдан біраз уақыт бұрын Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов 26 мамыр мен 17 маусым аралығында мектептерде қосымша сабақ беру жалғасатынын мәлімдей келе, «Үлгерімі төмен балаларға көп көңіл бөлуіміз керек. Бізде әдетте талантты, дарынды, үлгерімі жақсы балаларға көп көңіл бөлінеді. Ондай балалармен жұмыс істеу оңай әрі қызық екені түсінікті. Алайда, бұл жағдайда басты назар үлгерімі төмен балаларға аударылуы тиіс», – деген еді.

Сонымен, биылдан бастап, министрің берген бағыты қоғамда да қолдау тауып, жазғы мектепте оқыту 1–8, 10-сыныптардың үлгерімі

төмен білім алушылары және басқа да тілек білдіруші оқушылар үшін ұйымдастырылды.

Оның мақсаты – карантиндік шектеу шаралары кезеңіндегі оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою, білім сапасын арттыру болса, ал міндеттері – оқушылардың оқуға ынтасын арттыру, оқушыларда оқу жүктемесін тиімді орындау үшін қажетті өзін-өзі реттеу жүйесін қалыптастыру болып отыр. Сонымен қатар, оқушылардың тұлғалық дамуы мен өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін қарым-қатынас, ойлау және іс-әрекет түрлерін қолдану жағы да қарастырылды.

Қазіргі таңда Әуезов ауданы №104 жалпы білім беретін мектепте бұл іс тиянақты түрде бастау алды. Сонымен, балалар жазғы мезгілде қалай білім алып жатыр? Бұл жобаның мектеп бағдарламасынан басты айырмашылығы неде?

Дәл қазіргі уақытта мектепте 100-ге тарта оқушы білім алып жатса, оның 50-і бастауыш сынып оқушыларының жазғы мектеп жанындағы сауықтыру лагері, 50-ге жуығы жоғарғы сынып оқушыларының карантиндік шектеу шаралары кезеңіндегі біліміндегі олқылықтарды жою мен білім сапасын арттыруды жоспарлап отыр.

Жазғы мектептің жұмыстары барысында оқу қызметімен қоса, тәрбие жұмысы, психологиялық-педагогикалық, қажет болған жағдайда медициналық қолдау, дене шынықтыру-сауықтырудың барлық іс-шаралары бірлесе жүзеге асып жатыр. Жазғы мектепте негізгі пәндер, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, химия, физика, биология, логика, кітап оқу сынды сабақтар өткізіліп жатыр.

Сонымен қатар, мұғалімдер оқушылардың танымдық ынтасын арттыру мақсатында тест тапсырмаларын, шығармашылық сипаттағы дидактикалық материалды, цифрлық аудиовизуалды құралдарды (графика, аудио, бейнематериалдар), саралап оқыту тапсырмаларын пайдаланып, сабақтар өткізіп жатыр.



ПОЛИЦИЯ

ҚҰҚЫҚТЫҚ НАУҚАН – ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП КЕПІЛІ

Шаһарда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шара басталды



Алматы қаласының полицейлері тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 13–21 маусым аралығында шаһар аумағында «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» республикалық науқанын бастады.

Жергілікті полиция қызметінің хабарлауынша, шара профилактикалық сипатта және тұрғындарды отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау, ана мен

баланы қорғау бойынша атқарылып жатқан шаралармен таныстыруға бағытталған.

«Отбасы, тұрмыстық қатынастар саласындағы мәселелер бойынша кеңес беру және түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Науқан аясында Медеу аудандық ПБ-ның учаскелік қызметкерлері әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторларымен бірлесіп, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» түсіндіру жұмыстарын жүргізді және зардап шеккендерге іс-қимыл алгоритмін айтты. Сонымен қатар, күнделікті өмірде құқық бұзушылық жасауға бейім адамдардың, сондай-ақ, тұрмысы төмен отбасылардың тұрғылықты жері бойынша тексеру жүргізілуде. Өздеріне қатысты қорғау нұсқаулығы шығарылған және іс-әрекетіне ерекше талаптар қойылған адамдардың белгіленген шектеулерді сақтауына ерекше назар аударылады», – деді Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі Басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Диас Дуанбеков.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған жағдайда көмек сұрау үшін байланыс телефондары төменде көрсетілген:

Алматы қаласының Полиция департаменті –	254-40-42;
Алатау ауданы –	227-55-02;
Әуезов ауданы –	298-53-02;
Алматы ауданы –	254-46-12;
Бостандық ауданы –	254-47-02;
Жетісу ауданы –	254-49-02;
Медеу ауданы –	254-48-02;
Наурызбай ауданы –	254-49-48;
Түркісіб ауданы –	298-54-02.

ДЕПУТАТТАР

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасы мақұлданды.

Мәжіліс депутаты Юрий Лидін айтуынша, қарауға ұсынылып отырған заң жобаларының негізгі мақсаты – қаржы пирамидалық схемаларды жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту, сондай-ақ оларды жарнамалағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу арқылы азаматтардың құқығын қорғау.

«Жұмыс тобының отырысында заң жобасын қарау барысында жекелеген нормаларды жетілдіру мақсатында бірқатар түзету қабылданды. Сонымен қатар, жұмыс тобы заң жобасын құқықтық техника норма-

МӘЖІЛІС ТҮЗЕТУЛЕРДІ МАҚҰЛДАДЫ



ларына сәйкес келтіру мақсатында енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қабылдады», – деді ол.

Заң жобасы «террористік әрекет» ұғымын кеңейту мақсатында «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның ережесін Қылмыстық кодекстің ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған. Палатаның жалпы оты-

рысында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заң жобасы да екінші оқылымда мақұлданды. Құжаттар енді Сенаттың қарауына енгізіледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Қаржы пирамидасымен айналысатын адамдар алдымен арнайы схема дайындайды. Оларға көбіне жастар, қыз-келіншектер алданып қалып жатады. Жеңіл акция табуды айтқан адамға сенудің қажеті жоқ. Қаржы пирамидалары бірінші көп адам жинайды. Схема құрып отырғандар ешқандай төлемсіз сізге қаржылай көмектесеміз дейді. Бүгінде қаржы пирамидалары, оларға алданып қалмау

туралы БАҚ-та жиі жарияланып тұрады. Бұл тақырып, әсіресе, соңғы уақытта ең маңызды мәселелердің біріне айналды.

Қаржы пирамидасы арқылы қылмысы дәлелденген тұлғалар Қылмыстық Кодекстің 217-бабы бойынша жазаланады. Мәжіліс қабылдаған түзетулер арқылы қылмыстың бұл түріне тосқауыл қойылуы мүмкін», – дейді заң мамандары.

ЗАҢ ЖОБАСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЕСКЕРІЛДІ

Елімізде «Өсімдіктер дүниесі туралы» заң жобасы мақұлданды. Заң жобасын ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев таныстырды.



«Заң жобасын қабылдаудағы мақсат – республиканың бүкіл аумағында өсімдіктер дүниесін қорғау, молайту және ұтымды пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу. Қазіргі уақытта өсімдіктер дүниесін пайдалануды реттеуге байланысты жекелеген нормалар ҚР Орман, Экология, Жер, Су, Кәсіпкерлік кодекстерін, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңдарын қамтиды.

Осыған байланысты «Өсімдіктер дүниесі туралы» арнайы заңды қабылдау қажет. Ол Қазақстан ратификациялаған халықаралық конвенциялардың ережелеріне де негізделген», – деді министр Мәжілістің жалпы отырысында.

Заң жобасында өсімдіктер дүниесі объектілерін интродукциялауға және будандастыруға қойылатын талаптар, табиғи өсімдіктер қоғамдастығына қатер төндіретін өсімдіктердің бөтен текті түрлерін енгізуге тыйым салу белгіленеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

* Еліміздегі өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіндегі өсімдіктердің 387 түрі енгізілген. Мәселен, олардың қатарында ак түңғиық, жаңғақты лотос, ұйқышөп, көктем жанаргүлі, Бетпақдала сылдыршөбі, Әулиеата қанбағы, Алтай рауғашы, Тарбағатай кемпіршөбі, Талас қайыны, ұсақ жемісті мүкжидек, аюжидек, Сиверс алмасы, кәдімгі өрік, Еділ майқарағаны, Қаратау түйеабаны, Іле үшқаты, таусағыз, Алматы ақжапырағы, Түркістан гүлкекіресі, Ұлытау түймешетені, дермене жусан тәрізді және т.б. өсімдіктер бар.

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар жүргізетін мемлекеттік және қоғамдық бақылау институттары енгізілуде.

Жалпы алғанда, заң жобасы өсімдіктер дүниесі саласындағы жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуді көздейді және «Өсімдіктер дүниесі туралы» заңның нормаларын толық іске асыру үшін Орман, Жер, Кәсіпкерлік, Салық кодекстеріне, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» және «Жайылымдар туралы» заңдарға түзету енгізу талап етіледі.

ПРОКУРАТУРА



ҚЫЗМЕТ КҮШІН НЫҒАЙТУ

ҚР Бас прокуратурасы «Прокуратура туралы» Конституциялық заң жобасын әзірледі.

Бұл жоба прокуратураның құқық қорғау әлеуетін күшейтуге және жоғары қадағалау органын жаңғыртуға, прокурорлар қызметін нығайтуға бағытталған.

Заңдылықты сақтауды неғұрлым тиімді қамтамасыз етуге, азаматтардың құқығы мен бостандығын, бизнестің, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге мүмкіндік беретін пәрменді құралдар мен тетіктерді бекіту ұсынылады.

Прокуратура адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің жоғары құндылықтары ретінде қорғау, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және ҚР аумағында заңдылықты нығайту мақсатында бірқатар міндеттерді жүзеге асырады.

Заң жобасын қабылдау 2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджеттен прокуратура қызметінің құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін нығайтуға 18 754,5 мың теңге қосымша қаржы шығындарын талап етеді.

Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



АУЫР АТЛЕТИКА



Ерасыл мен Едіге – чемпион!

Мексиканың Леон қаласында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігі өтуде.

Халықаралық жарыстың бірінші күні Александра Беленко қола жүлдені қоржынға салды. 40 келіге дейінгі санатта бақ сынаған қазақстандық спортшы «серпіліс» сайысында үш рет зілтемірді басынан асырып және 55 келі нәтижемен турнир тізімінде үшінші орынға жайғасты. Екінші жаттығуда сәтті өнер көрсеткен отандасымыз қоссайыс сомасы бойынша (125 (55+70)) қола жүлдеге ие болды.

Турнирдің екінші күні 55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Ерасыл Омаров үшінші орын алып, елімізге екінші медаль алып келді. Қоссайыс қорытындысы бойынша спортшымыз 224 келі (100+124) нәтиже көрсетті. Сауд Арабиясының өкілі Калитит Али Маджид (105+124)

екінші орынға жайғасса, Үндістаннан келген атлет Гурунаида Санапатхи (104+126) үздік болды.

Жарыстың үшінші күні осы жарыстағы құраманың алғашқы алтынын Сәулебеков Ерасыл әкелді. 67 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Ерасылға тең келерлік ешкім болған жоқ. Спортшымыз қоссайыста 281 (123+158) келі нәтижемен әлем чемпионы атанды.

Әлемдік турнирдің кезекті күні 17 жастағы Емберді Едіге қоржынға тағы бір алтын салды. 73 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен спортшы бірінші жаттығуда 134, ал екіншісінде 172 келі көтеріп, үздік атанды. Айта кеткен жөн, Едігенің екінші жаттығудағы нәтижесі әлемдік рекордты жаңартты.

ЖОБА

Жаңа алаңдар салынады

Наурызбай ауданында тұрғындардың ұсынысы бойынша «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында балалардың ойын және спорт алаңдары салынады. Оларды Қонаев көшесіне, Яссауи көшесінен Әшімов көшесіне дейін кеңейту жұмыстары аяқталғаннан соң босаған учаскелерде салатын болады.



Жобада жарықтандыру, спорттық құрылғылармен жабдықтау, көгалдандыру қарастырылған. Бүгінде құрылыс жұмыстарына келісім-шарт жасалды. Екі жобаның әрқайсысының жалпы құны – 51 млн теңге. Ағымдағы жылы Наурызбай ауданы тұрғындарының жобаларына 1,3 млрд теңге бөлінді. Дауыс беру қорытындысы бойынша іске асыруға жіберілген жобаларды аудан әкімдігі 2023 жылы орындайтын болады.

2021 жылы Наурызбай ауданына «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасын жүзеге асыруға 1,3 млрд теңге бөлінді. 2022 жылдың көктемінде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың ұсынысы бойынша сома 500 млн теңгеге ұлғайтылды. Осылайша 2022 жылы «Халықтың бюджетке қатысуы» аясында ауданда құны 1,8 млрд теңге болатын 2021 жылғы 47 жөнімпаз – жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Айта кеткен жөн, «Халықтық

бюджетке қатысуы» бағдарламасы қала тұрғындарының бастамалары мен ұсыныстары негізінде Алматы аудандарының аумақтарын дамыту және абаттандыру мақсатында жасалған.

Алматылықтар жобаға 20 шілдеге дейін budget.open-almaty.kz порталы арқылы өтініш бере алады. Ол үшін өтінімді толтыру (жобалық ұсыныстың атауы, оның сипаттамасы, объектінің мекенжайы) және жобалық ұсыныстың эскизі мен сметасын міндетті түрде бекіту қажет (болжамды болуы мүмкін). Бір жобаның ең жоғары құны 61,2 млн теңгеден аспауы тиіс.

Жобалық ұсыныстар «бір автор – бір өтінім – бір объект» ережесіне сай болуы тиіс. Сонымен қатар, нысан жалпы пайдаланудағы қолжетімді болуы және оны жүзеге асыру жоспарланған аудан аумағында, жалпы пайдалану учаскесінде орналасуы қажет.

ФУТБОЛ

Жеңіс жолы жалғасты

Қазақстан құрамасы УЕФА Ұлттар лигасы аясындағы төртінші ойынында үшінші жеңіске қол жеткізді. Біздің ойыншыларымыз Словакияны 2:1 есебімен жеңді.

Ұлттар лигасы аясындағы алғашқы кездесуде өз алаңында жеңіліп қалған Словакия екінші ойынға жаңа бапкермен келген. Сондай-ақ, словак ойыншыларының бойынан бірінші ойындағы жеңіліс «кездейсоқ» болғандығын дәлелдеу мақсаты бар екені көрініп тұрды. Беларусь құрамасына қарсы ойында тең нәтиже көрсетсе де, бұл матчқа біздің ойыншылар көтеріңкі көңіл күйде келді.

Жанкүйерлерге лық толған «Астана Арена» алаңындағы ойынды Словакия құрамасы жоғары қарқынмен бастап, қазақстандық футболшыларды өз қақпасында қыспаққа алды. Жылдам словак шабуылдаушылары бірнеше қауіпті соққы жасап та үлгерді. Дегенмен, Игорь Шацкий өз міндетін мінсіз атқарды. Алыс-жақыннан келген соққылардың бәрін қайтарып, Қазақстан құрамасын шабуылдауға итермеледі. Қарсылас команданың алғашқы қарқыны басылған соң, біздің футболшылар қарымта шабуылға көше бастады. Әсіресе, оң қапталдың ойыншылары асқан белсенділік танытты. Қарағандылық «Шахтер» қорғаушысы Михаил Габышев осы жақтан бірнеше мәрте қауіп төндірді. Кездесудің 18-ші минутында Габышевтің оң қапталдан



әуелете асырған добын дәл көздей білген Ян Вороговский есеп ашты. Айта кеткен жөн, Вороговский бұған дейінгі ойында нәтижелі паспен көзге түскен.

Алаң иелері алдыға шықса да, өткір шабуылдарын тоқтатқан жоқ. 39-шы минутта тағы да оң қапталдан айып алаңына әуелете пас асырылды. Бұл жолы допты құрама капитаны Асхат Тағыберген берді. Словак қорғаушыларының арасында допка бірінші жеткен Эльхан Астанов баспен соққы жасап, өз құрамасының басымдылығын еселеді. Бірінші таймның соңына дейін есеп өзгермеді – 2:0.

Ойынның екінші жартысы алаң қонақтарының белсенділігімен басталды. Шацкий бірнеше жойқын

соққыларды қайтарғанымен, 51-ші минутта Матуш Бероның добын ұстай алмады. Словак жартылай қорғаушысы алыстан соққы жасап, есеп айырмасын қысқартты – 2:1. Бұл гол сәтсіз бірінші таймнан кейін Словакияға үміт сыйлағандай болды. Меймандар уақыт өткен сайын шабуылдарын үдете берді. Кездесудің 79-шы минутында Шацкийдің қақпасына бұрыштама добынан кейін екінші гол соғылды. Алайда, соққы жасалмай тұрып, словак ойыншылары ереже бұзғандықтан доп есептелмеді. Бұдан өзге уақытта Қазақстан қақпасысы қатарынан төрт сейв жасап нағыз ерлік танытты. Беларусь командасына қарсы ойында жетіспеген сәттілік дәл осы кездесуде қайтқандай болды.

Кездесу соңына қарай ойын ереже бұзушылықтарға толып кетті. Барлық шабуылдары сәтсіз аяқталған словак футболшыларының жүйкелері сыр бергені байқалды. 86-шы

минутта кезекті тартыстардың бірі екі команда арасындағы қақтығысқа ұласып кетті. Нәтижесінде Оразов пен Дудаға сары қағазбен ескерту жасалды. Бір минут өткен соң Дуда тағы да ереже бұзып, словак ойыншысы алаңнан қуылды.

10 адаммен қалған Словакия командасы ойын соңына дейін шешуші шабуылға шыға алған жоқ. Қазақстан еуропалық командадан екінші рет басым түсті. Төрт ойында үш жеңіске жетіп, бір рет тең ойнаған біздің құрама өз тобында 10 ұпаймен көш бастап тұр.

Енді УЕФА Ұлттар Лигасы күзде жалғасады. 22 қыркүйек күні Қазақстан Беларусь командасын елордада қабылдайды, ал 25 қыркүйекте Әзербайжанмен қонақта ойнайды.

ТАЭКВОНДО

Жасөспірімдер күш сынасты

Алматыда таэквондодан жасөспірімдер арасында республикалық ашық біріншілік өтті.

Мегаполисте таэквондо федерациясының 30 жылдығы мен Дихан Ахаевтың 70 жылдығына орай жасөспірімдер арасында республикалық ашық біріншілік өтті.

Чемпионатқа еліміздің бірқатар өңірінен 30 команда қатысып, 700-ге жуық жас спортшы сайысқа түсті. Шараның ашылуында ұйымдастырушылар таэквондонның дамуына үлес қосқан жандарды марапаттап, шығыс жекпе-жегінің әдіс-тәсілдерін көрсетті.



БРЕЙК-ДАНС

Испанияны бимен бағындырды

Испания астанасы Мадрид қаласында брейкингтен халықаралық рейтингтік турнир өтті.



«Бұл спорттық іс-шарада біздің жастарымыз шынығады. Ертең солардың арасынан еліміздің, Азияның, халықаралық турнирлердің чемпиондары шығады. Біздің Көк байрағымызды үлкен жарыстарда желбіретеді деген сенімдемін», – деді Таэквондо федерациясының президенті Бақтияр Өнербаев.

Ұйымдастырушылар Алматыда таэквондо спортының жақсы дамып келе жатқанын айтады. Шығыс жекпе-жек өнеріне ұлдардан бөлек, қыз балалар арасында да қызығушылық жоғары екен.

«Нәтижелері жақсы. Көрсеткіштері мықты. Таэквондоны 2 жыл бұрынғымен салыстырғанда үлкен өзгеріс бар», – деді Мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебінің директоры Сағат Сырлыбаев.

Брейкингтен Қазақстан командасының өкілі Владимир Кальмиус жарыстың күміс медалін жеңіп алды. Іріктеуден өткен отандасымыз Венесуэла, Германия, Израиль және Австрия елдерінің ең мықты бишілерін басып озды.

Турнирге әлемнің 30 елінен атақты спортшылар қатысты. 1/8 финалда Кальмиус венесуэлалық Лил Джиді сенсациялық түрде жеңді. Айта кеткен жөн, спортшымыз ел рейтингінде төртінші орында тұр.

Сондай-ақ, брейкингтен Қазақстан ұлттық құрамасы қазіргі таңда әлемдік рейтингте үздік үштіктің қатарына кіреді.

**Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.**



МӘСЕЛЕ

БИЫЛ СӘБИЛІ БОЛҒАН ОТБАСЫЛАР САНЫ ҚАНША?

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше биыл Қазақстанда бала туу көрсеткіші былтырғы жылымен салыстырғанда, 8 пайызға төмендеген. 2021 жылы бір жылда 450 мың сәби дүниеге келіп, 1987 жылғы рекорд жаңарған еді. Бір жыл бұрынғы бәби-бумды пандемиядағы карантиннің әсері дедік. Пандемиядан кейінгі дағдарыс ата-аналарды ойландырса керек, биыл сәбилі болған отбасылар саны әлдеқайда азайды.



Еліміздің оңтүстігіндегі Түркістан облысында керісінше, ең жас аналар басым. Босанатын әйелдердің жасы шамамен 22-де.

АНА БОЛУҒА АСЫҚПАЙДЫ...

Ана болуды кейінге қалдыруға әйелдердің тұрақтылыққа қол жеткізуге және өзін тұлға ретінде дамытуға ұмтылуы себеп болып отырған көрінеді. Тұңғышын дүниеге әкелуге немесе екі-үш балалы болуға оңтайлы кезеңді күтіп жүргенде кейбір әйелдер бірқатар проблемаға да тап болып жатады.

Репродуктивті медицина

қауымдастығының мүшесі Эльвира Мұратқызының айтуынша, қазіргі таңда сирек босанатын әйелдер арасында эндометриоз, жатыр миомасы, сүт безі қатерлі ісігі аурулары көбейіп кеткен. «Әйел жүктілікті неғұрлым ұзақ уақытқа кейінге қалдырса, оның дені сау баланы дүниеге әкелу мүмкіндігі соғұрлым азаяды», – дейді маман.

Статистика бойынша мың адамға шаққанда 20 бала дүниеге келсе, оның сегізі 1 жасқа толмай шетінен кетеді екен. Бүгінгі таңда нәресте өлімі төрттен бір пайызға өсіп отыр. Әлеуметтанушылардың пікірінше, бұлай жалғаса

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле ДӘУЛЕТХАНҚЫЗЫ, жедел жәрдем фельдшері:

БАЛАЛАР ЗАРДАП ШЕКПЕСЕ ЕКЕН...

Халқымыздың саны артып, көпбалалы ата-аналардың көбейгені жақсы ғой. Дегенмен, ата-ана тарапынан балалардың болашағына жауапкершілік те керек. Жұмыс барысында небір аналарды көреміз. Жақында ғана 9 айлық нәрестені жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізе бергенімізде, сәби қолымызда шетінен кетті. Сөйтсек, анасы бір апта бұрын да баласының қызуы көтеріліп жедел жәрдем шақырған екен. Бірақ анасы ауруханаға жатудан бас тартқан соң дәрігерлер балаға ем-дом жазып беріп үйіне қоя берген. Бір аптадан кейін баладан айырылып қалдық. Өйткені, жас келіншек дәрігер жазып берген дәрі-дәрмекті балаға дұрыс бермегені, ем-шараны уақытылы жасамағаны анықталды. Жасқа толмаған баланы омыраудан шығарып, қосымша сүтке ауыстырған. Сол қосымша сүттің өзін дұрыс жылытып бермей, баланың тыныс жолы қабынып кеткен. Міне, осындай жағдайлар жиілеп кетті. Аналық инстинк қыз баласында әртүрлі дамиды ғой. 18-19 жаста жас босанған келіншектер бала күтімін білмейді, өте епсіз, өздері бала секілді. Тәжірибесіз, жауапсыз ата-аналардың кесірінен балалар зиян шекпесе екен.

берсе, бұл демографиялық дағдарысқа әкелуі мүмкін. Балалы болуды кешіктірудің басқа да себептеріне баспананың жоқтығы, тұрақты табыс, тіпті бағаның өсуі жатады.

АСЫҚПАҒАН ДА ЖӨН БЕ?

Әлеуметтанушы Мәнсия Садырованың пікірінше, бүгінде жастар отбасын кеш құрады.

«Бұл, әрине, демографияға кері әсер ететіні рас. Дегенмен, санға ғана емес, сапаға да мән беру керек дейді ол. Ересек адамдар баланы жоспарлап, дені сау ұрпақ әкелуге, оған тиісініше тәрбие беруге тырысады. Ата-ана болуға саналы түрде қадам басқан да дұрыс. Бұл дені сау ұлтты қалыптастырудың алғышарты», – дейді маман.



Айнұр СЕНБАЕВА

Сарапшылардың айтуынша, қазіргі таңда келіншектер ертерек ана болуға асықпайды. Айталық, алматылық әйелдердің басым көпшілігі 28 жастан кейін ана болуды жоспарлайды екен.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ӘРКІМНІҢ ӨЗ ШЫНДЫҒЫ БАР...

Әйел адамның жалғанда тірлігі біткен бе, қыбыр-жыбырмен уақыт жылжи береді. Бірде жұмыстан үйге қас қарая келдім. Қолымда азық-түлік салынған ауыр сөмкелер. «Осы үйде менен басқа тамақ таситын адам жоқ», – деп күңкілдей кірдім. Күйеуім неше күннен бері суық тиіп ауырып жатқан еді. Тамағы қарлығып, қызуы көтеріліп тұрған соң жұмысына бармай, көрпені қымтап жамылып үйде қалған. Менің сөйлей кіргенімді естісе де, ол қыңқ етпей жата берді.

Ашуланып, шаршап келгенімді білдіру үшін сыртқы есікті тарс жауып, сөмкелерді жұлқи көтердім. Менің сарт-сұрт кимылым оның жүйкесіне тиді. «Мен ойнап жатқам жоқ қой, ең болмаса ауырып жатқанымда мазаламай, ісінді жұлынбай істесең қайтесі. Мен сырқаттанып қалсам да, саған бәрібір», – деп ренжиді. Оның мына сөзінен кейін тіпті жыным келіп, жыларман болдым, тамағыма өксік тығылды. «Ауырып жатса да, орнынан тұрып, мені ауыр сөмкелеріммен есіктен күтіп алса қайтер екен, соған өліп кетпейді ғой, еркек басымен былық етпейді», – деп іштей одан әрі ашуландым.

Әркім өзінің өкпесін айтамын деп соңында қатты ұрсысып қалдық. Өйткені, әрқайсымыздың өз шындығымыз бар. Бір-бірімізді түсініп, жағдайымызға көңіл аударудан гөрі әркімнің өз пікірі маңызды болатын. Бұл – отбасын құрғанымызға 5 жыл болған кездегі оқиға. Екеуіміз үшін де өзіміздікі дұрыс дегенді дәлелдеумен жүрген кездер еді.

Бір күні үйде балаларға дәмді тағам әзірлеп, кешке әкесімен үйге келеді деп күтіп отырғанымда күйеуім хабарласты. «Бүгін кешке балаларды мектептен өзің ала сал. Менің басқа жұмыстарым шығып қалды», – деді. Өзімнің көлік жүргізіп үйренгеніме 1 ай да болмаған. Оның үстіне балаларды көлігіме отырғызуға сенімсізбін. Бірақ күйеуіме ашуланып, «өзім-ақ әкеле саламын» деп тәуекелге бел буып, машинаны бірінші рет жалғыз жүргізіп, қалаға шықтым. Қас қарая бастаған шақ, жер тайғақ, қатты қорыққанымнан рөлге жабысып алыппын. Бір кезде қар аралас жаңбыр басталды. Ішімнен күйеуімді сыбап отырып, әйтеуір мектептің

қасына жеттім-ау. Балаларыма дым білдірмей, оларды көлікке салып алып, түк болмағандай үйге жеттім. Үйге келген соң күйеуіме ренжіп: «Біздің қауіпсіздігімізді ойламайсың, мен қалай жетемін, көлікті қалай жүргіземін, саған бәрібір», – деп әбден ішіме толып қалған ренішімді ақтардым. Ал ол болса, «осы сен неге бәрін қиындатып, жауды жақындатасың, күнде жүріп жүрген жолың ғой» деп дүрсе қоя берді. Сол күні де аямай ұрсыстық. Өйткені, әрқайсымыздың өз шындығымыз бар емес пе?

Арада біраз жыл өтті. Бірде үйге басым ауырып, асқазаным түйреп зорға жеттім. Келе сала ештеңеге назар аударуға мұршам болмай жатып қалдым. Тіпті, балалардың шуына да мән бермедім. Бір кезде кенже балам қарнының ашқанын айтып қыңқылдай бастады. Қазір тұрып, тамақтарын берем ғой деп жатқанымда айнала тып-тыныш болып қалды. Қалай қатты ұйықтап кеткенімді білмеймін. Сөйтсем, күйеуім балаларды алып, сырттан тамақтандырып, серуендетіп келіпті. Олар үйге кіргенде мен оянып кеттім, басымның ауырғаны сәл бәсеңсіп, жақсарып қалған сияқтымын. Өзі де жұмыстан шаршап келсе де, мен демалып алсын деп балаларды алып шығып кеткеніне ішім жылып қалды. Күйеуім де өзінің шаршап, мазасы болмай тұрғанын айтып, менімен жағаласуына да болар еді. Бірақ екеуіміз де есейіппіз. Өйткені, осыдан бірер апта бұрын оның көңіл күйі болмай келген кезде мен де «Әкелерің демалып алсын, біз қыдырып келейік» деп балаларды шулатпай, ойын алаңына апарып келгенмін. Осылайша бір-бірімізге демалуға мүмкіндік беріп үйрендік.



Уақыт өте келе әркім өзінің шекарасын білуді, сөйте тұра отбасының тыныштығы үшін кейде үндемеуді жөн санайтындай жағдайға жетеді екен. Бұрын бір-бірімізді өз достарымызбен уақыт өткізуге жіберу үшін міндетті түрде ренжісетінбіз. Өйткені, сенімсіздік, қызғанышқа бой алдыратын едік.

Үшінші жүктілігімде ол мені ылғи да жұмыстан өзі алып қайтатын болды. Кейде келе алмай қалса, «автобуска отырмай-ақ такси шақыра сал, аяғыңа жайлы аяккіім ки» деп ескертіп отыратын.

Жаңажылдық кешті әрқайсымыз өз ұжымымызбен өткізетін болдық. Мен оның жейдесін үтіктеп, шалбарын қырлап салтанатты кешке шығарып салдым. Өзім де ішімнің дөңгеленіп тұрғанына қарамастан әдемі көйлек киіп, шашымды жасап, сәнді мейрамханаға кеттім. Абыр-сабырмен жиналып жүріп, өкшесі жайпақ аяккіім салып алуды ойламаппын. Кеш қыза түскен кезде аяғым ісіп, өкшесі бар аяккіімім қыса бастады. Бірақ бірер сағат шыдармын деп отыра бердім. Арасында ұжымдастарыммен түскен суретті күйеуіме жіберіп қоюды да ұмытпадым. Ол да фотосын салды. Бір кезде одан «Неге биік

өкшемен жүрсін, ыңғайсыз емес пе?» деген хабарлама келді. «Енді тойда жүрмін ғой» деп жауап бердім. «Жайлы аяккіім ала келіп пе едің?» деді. «Ұмытыппын...» деп жанына мұңайған «смайлик» жібердім.

Арада бір сағат өтті ме, өтпеді ме, күйеуім жайлы аяккіімімді алып мейрамханаға келіп тұр. Оны көргенде қуанып кеттім. Бірақ өзімнің ұмытшақтығыма жыным келді. Өйткені, үнемі бірде кілтті, бірде қолшатырды ұмытып жүретін әдетім бар. Ол менің сол әдетіме де жайбарақат қарайтын болыпты. «Мен үшін ұжымыңдағы мерекелік кештен қалдың ғой, неге келдің?» деппін сасқанымнан. «Сендердің қауіпсіздіктерің бәрінен маңызды ғой» деп жай ғана алақанын ішіме қойды.

Бір шаңырақтың астында тұрып жатқанымызға 15 жылдан асты, әлі де екеуіміздің өз шындығымыз бар. Бірақ қазір сол шындықты бір-бірімізге тықпаламайтын болғанбыз. Өйткені, отбасының бүтіндігі мен бақыты әркімнің өз шындығынан да маңызды екенін түсініп келеміз...

Айша НҮРЖАН.



ӘН ӘЛЕМІ

ДИМАШТЫҢ
АДАМГЕРШІЛІГІНЕ БАС ИДІ

Біздің Димаш Құдайберген таяуда «Ока» атты жаңа туындысын тыңдармандарға ұсынған еді. Туынды АҚШ-тың музыкалық кеңістігінің үздік ондығына кіріп үлгерді. Бейнебаянда романтика, махаббат оқиғасы суреттелген.

Әйгілі әншінің бейнебаянында басты рөлді ресейлік актриса ойнады. Александра Гайдар өзінің телеарналар мен басылымдарға берген сұхбатында түсірілім алаңында болған қызықты хикая туралы айтып берді. Актрисаның айтуынша, ол түсірілім кезінде Димаштың талантына ғана емес, адамгершілік қасиетіне куә болып, риза болған.

«Бейнебаянның тұсаукесері құтты болсын! Жақсы тілектерін жаудырып жатқандардың барлығына және Димаштың шығармашылығын қолдаушыларға алғыс білдіргім келеді. Димаш – өте мейібан, терең ойлы адам. Ерекше талантынан бөлек әншінің адамгершілік қасиетіне бас иемін. Клиптің түсірілімі кезінде түсірілім тобындағы қыздардың бірі жүгіріп бара жатып, тайып құлады. Дәл осы сәтте түсірілім жүріп жатқанына қарамастан, Димаш бәрін тастап қызға көмектесуге жүгіре жөнелді. Оның бұл әрекеті маған қатты әсер етті, таңқалдырды. Осындай риясыз, жүрек тебірентер дүниені Димашпен бірге жасағанымыз үшін бақыттымын, рахмет», – деді Александра Гайдар.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

«КАЛЬМАР ОЙЫНЫ»: САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Жақында әлемді қатыгездігімен дүрліктірген «Кальмар ойынының» екінші маусымы басталатыны жайлы ақпарат тарады. Бұл мәселеге ата-аналар да, мектеп мұғалімдері де сақтықпен, жауапкершілікпен қарағандары жөн. Біздің елімізде жасы 18-ге толмаған балалар мен жасөспірімдерге бұл сериалды көруге тыйым салынған. Олардың ғаламтордан мұндай қатыгездікті дәріптейтін фильмдерді көрмеуін қадағалау маңызды. Өйткені, аталмыш ойын жасөспірімдер санасын улайды, қоғамға қауіпті саналады.



Бүкіл жер-жаһанды шулатқан оңтүстіккореялық фильмінің режиссері әлеужелідегі өз парақшасында ойынның екінші маусымының тизерін жариялапты. Видеодан «Қызыл түс, жасыл түс» сынағындағы қуыршақты көруге болады. Режиссердің айтуынша, осы фильмде өз ойын жүзеге асыру үшін оған 12 жыл уақыт қажет болған екен. Ал фильм бар-жоғы 12 күн ішінде танымалдық әкелген және қаралым бойынша көш бастап тұр. Фильм алғашқы 28 күн ішінде 1,65 миллиард қаралым жинаған. Әлемді дүрліктірген бұл туындыда қантөгіс сахналары көп. Ондағы жауыздықты, қорқынышты сахналарды көру қарапайым адамға ауыр тиеді. Сериал трейлерінде қатыгездік пен жауыздыққа толы сахналардың аз ғана бөлігі көрсетіледі, сериалдағы ойын кезінде одан көп қан төгіледі. Сондықтан да әлемнің кейбір мемлекеттері бұл қатыгездікті насихаттайтын фильмді ел аумағында көрсетуге мүлде шектеу қойған.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЭКОТУРИЗМ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ

Туризм әлемдік экономиканың қозғаушы күшіне айналғалы көп болды. Бүгінде АҚШ, Түркия, Араб елдері туризмді экономиканың бір тынысы еткелі қашан! Статистикаға сүйенсек, дүние жүзінде бұл салада еңбек ететін жандардың саны 75 миллионнан асқан.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Егер туризмге 100 теңге салсаңыз, 1000 теңге табыс болары анық. Осыған орай, табыстың көзі туризм екендігін айтқымыз келеді.

ШОЛУ

Еліміздегі дамушы сала – туризм. Аталмыш салаға мемлекет тарапынан қолдау да аз емес.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің туризм саласын ілгерілетуге айрықша маңыз бергені белгілі. «Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек. Біз салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдадық» деді. Туризм мамандарын дайындайтын университет ашу қажет деген шешім қабылданды.

Қазақ еліне саяхаттаушылардың басым бөлігі «жабайы» табиғат пен тарихи орындарды көруге құштар. Көкшетау, Баянауыл, Бурабай, Жоңғар Алатауы, Қатонқарағай, Түркістан, Маңғыстау, т.б. Мәселен, Түркістанға жылына шамамен 1 миллион адам зиярат жасайды екен. Бұл – жетістік. Ал сырттан келушілерге қызмет көрсету жайы қалай? Міне, бүгінгінің мәселесі. Мәселен, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы сынды туристік әл-ауқаты дамыған мемлекеттерде бірінші кезекте қызмет көрсету саласына басымдық берілген. Әуелгі ұшақтан түскеннен бастап қайда, қалай орналастыру, т.б. мәселелер күні бұрын шешілген. Қонақүйлердегі нөмір, одан кейін сізге қызықты маршруттар ұйымдастырады. Бәлкім, сіз жағажайға барып суға шомылғанды ұнатасыз, жәдігерлер, киім дүкендерін аралағанды жақсы көрсеңіз, сол бойынша барлық мүмкіншілікті жасап қойған. Көбіне Еуропа мен Америка құрлығынан келетіндерге ортаазиялықтардың өмір салты қызық болып келеді.



Орта Азияда тарихи ескерткіштер көп. Соның ішінде Ұлы Жібек жолындағы байырғы сауда-саттық жасалған қалалар, тарихи-мәдени ескерткіштердің едәуір бөлігі сақталған. Осындай тоғыз жолдың торабында орналасқан шаһарлар, көне жәдігерлер шетелдік туристерді қызықтырмай қоймайды. Көпшілігі Сайран, Сауран, Отырар, Сығанақ, Тараз, Сарайшықты көргісі келеді. Осындай бай тарихи өлкелердің жай-күйі әлі күнге дейін назардан тыс қалуда. Ол жерлерде жол, қонақүй, тағы басқа мәселелер шешімін таппаған.

Жаһан елдері 1970 жылдардан кейін туризм кластерін дамытуды қолға ала бастады. Сарапшылар мұнай мен газ немесе бір ғана саламен күнелту экономикалық дағдарыс тудыратынын нақты дәлелдермен айтуда. Бұл ескертуге зер салғандар да бар. Олар – Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Түркия, Мальдив, Багам аралдары сындылар. Олар сырттан инвестиция тарта бастады. Біртіндеп ірі холдингтер, компаниялар, корпорациялар келді. Олар сол жерлердегі инфрақұрылымды жақсартты. Жанадан жасанды арал құрды. Қонақүйлер салды. Жергілікті халыққа жұмыс берді. Бюджетке ақша құйды. Ең бастысы, шеттен келетін саяхатшыларға қолайлы жағдай жасады.

Статистикалық деректерге көз жүгіртсек, біздікілер шетке барып демалуға жылына 400 АҚШ долларын жұмсайды екен. Өткен жылдары бүкіл жер шарынан туыстас Түркия еліне 37 миллион турист саяхаттаған. Ал бізден 450 мыңға жуық қазақстандықтар бауырларстан қонақ болған. Әрине, әркімнің өз қалауы.

ГҮЛ АЛМАТЫ

Ақын-жазушылар Алматының ажарын төгілте жырлаған. Қаншама ән-жырға қосқан. Сұлу табиғаты

мен қолайлы ауа райы кім-кімді де тамсандырмай қоймайды.

Біздің шаһарымызда саяхаттауға өте ыңғайлы жерлер көп. Соның ішінде «Медеу», «Шымбұлақ», «Арасан» демалыс саяжайы, көрікті әрі тарихи ғимаратқа айналған «Қазақстан» қонақүйі, «Арман» кинотеатры, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сынды бірқатар театрлар бәрі-бәрі қалаға көрік беріп тұр.

Туризм саласының сарапшыларының пікіріне сүйенсек, Орталық Азиядағы ең көп саяхаттайтын мекен, ол – Алматы екен. Соңғы 5 жылда шетелдік туристер саны 301 мыңнан 435,6 мың адамға дейін 1,4 есеге өсті. Ал ішкі туристер саны 2,1 есе 420 мыңнан 898 мыңға дейін. Сонымен бірге, туристердің жалпы саны 85%-ға өскен.

Қазақстанның ең көркем әрі сұлу қаласы, кезінде субұрқақтар әлемі аталған шаһар өзіне деген көптік қызығушылығын бір сәт толастатқан емес. Ару қала Алматының дамып, ел экономикасына табыс түсіруін құптаймыз. Жаса, жайна қарыштап өркендеп өсе бер деген ізгі тілек білдіреміз.

ІШКІ ТУРИЗМ

Қазақстанның табиғаты әсемдікке толы. Тіпті, кейбір өлкелердің сұлулығын сөзбен айтып жеткізе алмайсыз. Ақын Сәкен Сейфуллин ағамыз Көкшенің сұлулығын былайша суреттепті: Сексен көл Көкшетаудың саясында, Әрқайсы алтын кесе аясында. Ауасы дертке дауа, жұпар иісті, Көкірек қанша жұтса, тоясың ба? Расында қазақ даласының, өзен-көлі мен тау-тасы, әрбір саясының өзіндік қасиеттері бар. Қандай ғажап көріністер! Қызыға һәм сүйсіне қараймыз.

Мәселен, Америка Құрама Штаттарында «Колорадо каньоны» деп аталатын жер бар. Әлемдік ғалымдардың топшылауынша, бұл жердің тарихы

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«СҮЙІКТІ МЕНІҢ
ПЕРІШТЕМ». Премьера.

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Авторы: Б.Шоу.
Аударған: Ә.Оразбеков.
Күні мен уақыты: 16 маусым, сағат 18.30.



«ЖУСАН ИІСІ»

Өтетін орны: Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры.
Авторы: Сайын Мұратбеков.
Қоюшы-режиссері: Жұлдызбек Жұманбай.
Қоюшы-суретші: Алтынай Жүсіпәлі.
Жанры: драма.
Күні мен уақыты: 22 маусым, сағат 18.30.

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ӘЙЕЛ
БЕЙНЕЛЕРІ». Концерт.

Өтетін орны: Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры.
Ұзақтығы: 1 сағат 30 мин.
Жас шектеуі: 5+.
Қосымша ақпарат: тағаммен, сусындармен кіруге тыйым салынады.
Күні мен уақыты: 17 маусым, сағат 19.00.



ЭТНОТУРИЗМ саласы

сонау эралар қойнауында жатыр. Жер бетінен мұз еріп, көп су тартылғаннан қалған деседі. Міне, тау шатқалдарындағы су тартылғаннан қалған көріністер бүгінде туристерді тартуда. Ол жерге әлемнің түкпір-түкпірінен көруге келеді. Арнайы жағдай мен айнала-сында түнеуге, сервистік қызмет көрсетуге негізделген қонақүйлер салынған. Яғни мұнда мақсатты турлар қарастырылған. Дәп солай бізде де жасауға болады.

Алматы облысында «Шарын шатқалы» деп аталатын жерді көпшілігіміз білеміз. Міне, соған қызығып барушылар саны артуда. Мұның тарихы да, пайда болуы да нақ «Колорадо» сияқты. Сондықтан назарды мейлінше сол аймақтарға бұрған абзал. Өткен жылы «Қайыңды-Көлсай» аймағында болдық. Нағыз қазақы ауыл. Сағы елдімекеніне аялдадық. Айнала тау-тас, арша мен қарағай толы орман. Көрсен, көзін тояды. Бір ғажап көрінісі. Рахаттанып демалып, келесіз.

Ал Көлсайға барсаңыз, тіпті керемет! Табиғат мұнша сұлу болар ма?! Құдды Сәкен ақынның жырларындағы көріністерге куә боласыз. Ғажап! Сол арада біртіндеп қонақүйлер мен аялдайтын орындар қаз-қатар салынып жатыр. Алматыдан Шарынға дейінгі жолардың жөнделіп жатқанын байқадық. Біздің ойымызша, жоғарыда айтқанымыздай, инфрақұрылымды дамыта берген жөн. Айтпақшы, Шарын мен Колорадо әлемде екеуі ғана. Сондықтан дүние жүзі халықтары үшін тарихи мекен болып табылады.

ТАРИХТАН – ТАБЫСҚА...

Алаш қайраткері ақиық ақын Мағжан Жұмабаев «Түркістан – екі дүние есігі» деп текке айтпаған. Бүгінде киелі өңір қарқынды дамып келеді. Туризм елдің негізгі экономикалық драйверіне айналып келеді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – түркі әлеміне ортақ мұра. Сондықтан болар, келушілер, зиярат

жасаушылар саны жылдан-жылға артуда. Сол өңірде қастерлі мекендер мен орындар көптеп кезігеді. Келушілердің басым көпшілігі зиярат жасу үшін барады. Әсіресе, алыс-жақын көрші мемлекеттерден келушілер саны артқан.

Түркістан – түгел түркінің ортақ мекені. Бәлкім, сол себепті де саяхаттаушылар легі көбейіп келеді. Қалада арнайы туристер мен саяхаттаушыларға арналған қонақүйлер бой көтеруде. Субұрқақтар мен түрлі ойын-сауық отаулары да салынуда. Жалпы айтқанда, киелі шаһар туристер ең көп саяхаттайтын орталыққа айналған.

Еліміздің батысы да – керемет сұлу өңір. Қарт Каспийдің маңайы мен салқын самал лебі қандай ғажап! Ақтау жағалауы күз бен көктемде шағалаға толады. Бүгін саяхаттаушылардың дені батыс аймаққа баруды жөн санайды. Осы аталған көріністер мен Маңғыстаудың қыраттарын көруге асық. Бозжыра жерлері сакралды ұғымнан сыр шертеді. Дәлірек айтсақ, шетелдіктер көп қызығатын орын болып табылады. Бекет ата – қасиетті орын. Исі қазақ үшін мұнда келіп, тәу етіп, зиярат жасау игі іс ретінде ұғынылады.

Сарапшылардың айтуынша, көрші елдерден де келушілер көбейген. Осының бәрі туризмнің дамып келе жатқанының айқын көрінісі. Жалпы, қасиетті Түркістан мен Отырар, шежірелі Шерқала, Сығанақ пен Сауран, Оғыланды, Берел мен Марқакөл, Баянауыл мен Қарқаралы, Шарын шатқалы мен Көлсай ұлттық құндылықтарымызға айналуы тиіс.

Өзге өңірлерде де көрсе көз тойтын көрікті мекендер жетерлік. Бір ғана Түлкібастағы Машаттың бойы қандай ғажап! Баянауыл, Қызылжар, түгел түркінің пірі – Қорқыт атаның елі тұнған тарих. Осындай әсем табиғат пен көрікті мекендерді шетелдік туристерге паш ететін күн туды. Егер біз туризмді дамытуға 10 теңге салсақ, олар бізге 100 теңге алып келетінін ойлайық демекпіз.



НЕ?

ҚАЙДА?

АШАН?



«ҚАЙРАТ» – «МАҚТААРАЛ»
футбол клубтарының кездесуі

Өтетін орны: Орталық стадион.
Күні мен уақыты:
19 маусым, сағат 19.00.
Жас шектеуі: 5 жасқа дейін
тегін.



Фантастика:
ДАМБЛДОРА ҚҰПИЯЛАРЫ

Өтетін орны: Барлық
кинотеатрлардан тамашалай
аласыздар.
Шығарылған елі:
АҚШ, Ұлыбритания.
Режиссері: Дэвид Йейтс.
Ұзақтығы: 142 минут.
Күні мен уақыты:
18 маусым, сағат 18.30.



РЕТРО-ФЕСТИВАЛЬ
(80-90-жылдар).

Мекенжайы: «Алматы Арена»
мұз айдыны.
Ұзақтығы: 1 сағат 30 минут.
Жас санаты: 3+.
Күні мен уақыты: 19 маусым,
сағат 19.00.

Әзірлеген
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет
қыламын деген қазақ балалары қазақ
жұмысына қолынан келгенше қарап
тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт
жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

ЗАМАНСӨЗ

БҮКІЛ ҚАЗАҚ «АХАН» ДЕГЕН

Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам қайраткері, көрнекті ақын, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту үшін аянбай күрескен, тіл ғылымының негізін салған тіл зерттеушісі, қазақ поэзиясын теориялық тұрғыдан тануды жүйелеп, ізге салған теоретик-ғалым, халыққа білім беру саласында еңбек сіңірген педагог-ұстаз. Оның «Қазақ» газетін шығарудағы атқарған қызметі өз алдына бір төбе. Ол ХХ ғасырдың басында, аумалы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жаңа бағыт, жаңа арна тапқан қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті мен қоғамдық ой-санасының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ахан осы салалардың бәрін түгел айтпағанда, тек ақындығы мен әдебиеттануға сіңірген еңбегімен-ақ тарихта аты қалуға әбден лайық.

Зәки АХМЕТОВ.

ТҰЛҒАТАНУ

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, төл әліппеміздің тұңғыш авторы, тұңғыш терминолог, тұңғыш фонетик, тұңғыш лексиколог, тұңғыш әдебиеттанушы, тұңғыш публицист.

Елінің тағдырының келешегіне аландап, қазақ даласының әртүрлі аймақтарында мектептер ашып, ұстаздық қызметпен айналысып, қазақ жастарының рухани көсеміне айналды.

Алаш ардақтысының ұлттық тіл мен әдебиет салаларын ғылыми негіздеудегі еңбегі өте зор. Қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қамданып, оны пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазуды» ұсынды. Ол «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектері арқылы қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліппе жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. «Жаңа емле» атты жаңа әліппе қазірде Қытай, Ауғанстан, Ресей, Ирандағы қазақтардың ұлттық графикасына негіз болып отыр.

«Оқу құралы» – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделгендіктен, қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады.

«Тіл – құрал» атты оқулығы фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арналған бөлімдерден тұратын қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық және қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі десек, қателеспеспіз. Бұл оқулық қазақ тіл білімі салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу еңбек. Ғалымның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды.

Ұстаздың «Әдебиет танытқыш» деген еңбегі қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми-теориялық зерттеу болып саналады. Ол әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауға өз үлесін қосты. Халық тілінің бай қорынан мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді.

Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңғыртқан оның «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындыра білді. Сондай-ақ, орыс әдебиетінің тұлғалары Пушкин мен Лермонтов өлеңдерін қазақ тіліне шебер тәржімалады.

(Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясы).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- «Өркеніетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімге есесін жібермейді».
- «Менің арманым – мүмкіншілігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Ол ізгі іс енді ғана басын алып тұрғандықтан мен басымды тек қана менің тілегімді қанағаттандыратын билікке иемін».

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

ДҮЙСЕНБІ
20 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, 1001 түн, Повар и барашек
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. Қош келдіңіз 28 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.00 Женский кино клуб
18.00 Женский кино клуб
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.45 Телехикая. «Гюмюш» 115 серия
22.00 Телехикая. «Тракторшының махаббаты» 5 серия
23.00 Телесериал. «Лестница в небеса» 19 серия
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Басты назарда (қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.10 Өмір иірімі
3.30 Дала сазы
3.55 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы тұнған тарих
5.00 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
11.50 «Бақытсыздар бағы». Телехикая
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
13.50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Apta». Сараптамалық бағдарлама
16.10 «Bizben birge...»
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.20 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.30 AQPAPAT
1.05 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу
1.50 «Теледәрігер»
2.50 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Мегахит
7.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Кино

12.00 Жаңалықтар
12.10 Телехикая. «Детектив әже»
13.00 Новости
13.10 Телехикая. «Рауза. Сақураның гүлдеуі»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Кино
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Телехикая. «Шымкент – менің махаббатым»
22.30 Телехикая. «Рауза. Сақураның гүлдеуі»
0.00 Телехикая. «Егіз жүрек»
1.00 ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 Ризамын
07.00 «31 әзіл»
07.50 Үнді сериалы «Ханшайым»
08.50 Анимационный фильм «Король обезьян 3D» (повтор)
10.50 Т/сериал «Кухня» (повтор)
12.00 Т/сериал «Кухня»
13.00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Мой парень из зоопарка» (повтор)
15.10 КИНО. Марк Уолберг, Уилл Феррелл в комедийном боевике «Копы в глубоком запасе» (повтор)
17.30 КИНО. Адам Сэндлер «Притворись моей женой»
20.00 Информбюро (русс./каз.)
21.00 Тұсаукесер! «Зейнеп» түрік телехикаясы
21.55 КИНО. Джеки Чан в боевике «Близнецы-драконы»
00.20 Үнді сериалы «Анупама»
01.10 Үнді сериалы «Ханшайым» (қайталау)
01.50 Сериал «Базарбаевтар»
02.40 «31 әзіл»
03.30 Сериал «Саған сендім»
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7.15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.25 «НЕ БЫЛО БЫ СЧАСТЬЯ 2». Многосерийный фильм
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.3 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18.30 Тікелей эфир
19.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
20.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.40 Александр Устюгов, Дмитрий Быковский-Ромашов в многосерийном фильме «МЕНТОВСКИЕ ВОИНЫ 11»
0.15 Ехезкель Лазаров, Анастасия Микучина, Валерия Бурдужа в многосерийном фильме «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ»
1.15 Ночной кинотеатр. «В КЛЕТКЕ»
2.05 «НОВОСТИ»
2.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»

20.05 Анимация. «Сиқырлы тас»
20.40 «Теңбіл доп» телехикаясы

21.20 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.45 Анимация. Отандық / «Глобус»
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Үкілі әуен» телехикаясы
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11.20 «ДиНаЗаур» телехикаясы
14.00 «Есіктер» телехикаясы
17.00 «Шаншар»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23.35 «Қағаз кеме» телехикаясы
01.30 «Осторожно, королева!!!» Х/ф

TALIM TV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Сұлулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Қышқыл мысқыл
14.10 Емен жарқын
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Телехикая – «Көке» 1–3 серия
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Тәтті time
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 25-сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с Маржан коуч



«Робинзон Крузо». Мультфильм. «Қазақстан» арнасы. Сағат 16.05-те.

ЖЕКСЕНБІ
26 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.00 Детский кино клуб
9.30 Детский кино клуб
11.00 Любимое кино
13.00 Әсем әуен
14.00 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.00 Отандық кино
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматынские истории
2.25 Алматынские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Мұра». Деректі фильм
7.05 «Ауылдастар»
7.30 «Күй-көруен»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Зинһар»
9.10 «Сағындырған әндер-ай»
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
14.20 «Робинзон Крузо». Мультфильм (Франция, Бельгия, 2016 ж.)
15.40 «Айналайын халқымнан еркелеткен». Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына арналған концерт
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «АҚПАРАТ МАЙДАНЫ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ.
21.20 Қанат Үмбетовтің концерті
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая (с субтитрами)
23.30 «Көңілашар»
0.30 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
1.20 «Ақсауыт»
1.45 «Күй-көруен»
2.15 «Жәдігер»
2.35 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино
7.00 Телехикая марафоны. «Өз үйім»
8.45 «Самопознание»
9.00 Концерт
11.00 Кино.
12.45 Телехикая марафоны. «Рауза. Сақураның гүлдеуі»
16.00 Кино
18.00 Мегахит
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя». Прямой эфир
23.30 Телехикая марафоны. «Шымкент – менің махаббатым»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)

09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Мультсериал «Маша и медведь»
11.10 Анимационный фильм «Иван Царевич и Серый Волк 3» (повтор)
13.00 КИНО. Том Холланд в фантастическом боевике «Человек-паук. Вдали от дома» (повтор)
15.55 КИНО. Ченнинг Татум в боевике «Штурм Белого дома» (повтор)
18.50 КИНО. Дженнифер Лоуренс, Крис Пратт в фантастическом триллере «Пассажиры»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО. «Махаббат азабы» (қайталау)
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up?
03.00 Әзілдер күнделігі
05.00 Ризамын

ТВ ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.30 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.30 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8.45 Владимир Жеребцов, Анастасия Микульчина в многосерийном фильме «КРАСАВИЦА»
13.05 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.50 «СТЕКЛЯННАЯ КОМНАТА». Многосерийный фильм
18.20 «ҚАЙМАҚ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Наталия Антонова, Кирилл Гребенщиков в многосерийном фильме «СЕЗОН ЛЮБВИ»
1.10 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Летняя серия игр
2.25 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.10

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 «Салем, Қазақстан!»
08.00 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Х/с «Вирази судьбы»
13.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
15.00 Т/п «Регина+1»
16.00 Т/х «Нянятап»
17.10 «Салем, Қазақстан!»
18.15 Т/х «Қанатсыз құстар»
21.00 Х/с «Алиса против правил»
00.40 Шоу «Музыкальная интуиция»
02.30 «Салем, Қазақстан!»
03.40 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН»
10.00 «ЮМОРИНА» (шоу программа)
12.20 «ТЫ ТОЛЬКО МОЙ», мелодрама (повтор)
16.00 «ӘКЕ», көркем фильм
17.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
18.30 «ЖҮРЕГІМ СЕН КЕЛГЕЛІ БАҚЫТТЫ», Қайрат Нұртастың ән шашуы

21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 Премьера казахстанского кино! «АҒА», криминальная драма. В роли Мурат Бисенбин.
23.30 «ТАЙНЫ И ЛОЖЬ», детективная мелодрама (повтор)
02.50 «ӘКЕ», көркем фильм (қайталау)
03.50-
04.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. 3-4 орындар үшін. «Қуаныш» – «Қарағанды» (Әйелдер)
8.25 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының шолуы
9.15 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Венгрия – Англия
11.20 Специальный репортаж
11.35 «Боз кілемге барын салған». А.Кебіспаев. Деректі фильм
12.05 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. «Есіл» – «Pavlodar» (Ерлер)
14.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
15.00 ДЗЮДО. Grand Slam. Монголия. Тикелей эфир
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қызыл-Жар СК» – «Тобыл». Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Тараз» – «Қайрат». Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ақтөбе» – «Астана». Тікелей эфир
23.00 ФУТБОЛ. «Тур по туру». Прямой эфир
23.40 ЛЕГКАЯ АТЛЕТИКА. XXXI Мемориал Гусмана Косанова
2.25 Қазақстан ұлттық құрамасының Ұлттар Лигасындағы ойындарына шолу
2.55 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Смайтиктер»
7.40 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 Анимация. Отандық / «Қызыл мен күлгін»

8.45 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.00 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
9.30 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайысы
9.45 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.15 «Үкілі әуен» телехикаясы
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.25 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
11.50 Анимация. Отандық / «Томпи»
12.10 Анимация. Отандық / «Екі дос»
12.20 «Баларан әлемі» Республикалық OPEN AIR балалар фестивалі. (қайталау)
13.10 «Теңбіл доп» телехикаясы
13.50 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.30 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
14.50 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
15.00 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.10 Тұсаукесер! «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
15.35 «Смайтиктер» Мультхикая.
16.10 «Еге мен Гага» Мультхикая.
16.25 «Толағай» спорттық бағдарлама
16.55 «Немене» телехикаясы
17.20 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
18.35 Анимация. Отандық / «Қызыл мен күлгін»
18.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Ертемір»
19.55 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
20.05 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
20.40 «Теңбіл доп» телехикаясы
21.20 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.45 Анимация. Отандық / «Екі дос»
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.


22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Үкілі әуен» телехикаясы
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11.20 «The Spirit of BATYR» памяти Батыра Казыбаева
12.00 «Айнұрдың арманы» телехикаясы
14.00 «Алдараспан»
17.45 «Осторожно, королева!!!» Х/ф
20.00 «SaraTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23.35 «Я пышка» Х/ф
01.00 «Өрмек» телехикаясы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Сұлулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Рухани байлық
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Телехикая – «Көке» 4-5 серия
18.20 Өнер қырандары
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style



«Рауза. Сақураның гүлдеуі». Телехикая. «Хабар» арнасы. Сағат 12.45-те.



МӘСЕЛЕ

ОРАМАЛ

Бүгінде мектеп оқушылары төрт тоқсандық оқуын аяқтап, тағы бір жасқа есейіп, енді келесі оқу жылына күш-қуат жинап қайту үшін үш айлық демалысқа шыққан. Кішкентай достарымыз дәл қазір жаз қызығына батып кетті десек те болады. Ал олардың болашағына алаңдаған үлкендердің хәм қоғамның назары дәл бүгін мектептерде орамал тағуға рұқсат беру мәселесіне ауып тұр.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

БҮЛ ЭМОЦИЯҒА БЕРІЛІП ШЕШІЛЕТІН МӘСЕЛЕ ЕМЕС

Әлеуметтік желіде осы тақырып шыға келген кезде, қоғам өре түрегелгені жасырын емес. Бірақ «орамал тағады, бітті» деп ешкім кесіп-пішкен жоқ, сонда да қызу пікірталас саябырсымай тұр. Әдеттегідей, пікірлер қажарылды.

Иә, елімізде мектептерде орамал тағу мәселесі бұған дейін де көтеріліп келе жатқаны рас. Тек Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде осыған қатысты талқылаулар жүріп жатқаны білеміз. Демек, тақырып өзекті.

2016 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің (қазір Оқу-ағарту министрлігі) «Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы шыққан болатын. Құжатқа сәйкес, мектеп формасына пиджак, шалбар, жейде, белдемше кіреді. Мектепте орамал тағуға тыйым салынады, бұл үшін айыппұл төлеу де бар. Ал мектептен тыс уақытта студенттер діни себептермен орамал тағуы мүмкін.

Бұл ережелер кейбір ата-аналар мен ел тұрғындары арасында наразылық тудырғаны да жасырын емес. Республика мектептерінде орамал тағуға тыйым салынғандықтан кейбір оқушылар ресейлік онлайн-мектептерде оқуға көше бастағанын да естідік. Иә, білім саласының сарапшылары хиджаб киюге рұқсат бермегені үшін өзге елге көшіп кеттік деп бір жапырақ қағаз жасатып алып, бірақ білім алмай қалып жатқан қыз балалар жылдан-жылға көбейгенін айтып, дабыл қағып отыр.

«Мектептерде орамал тағу мәселесі тек біздің елде ғана емес, басқа да бірқатар елде үнемі қызу талқыланып келеді. Бірақ Қазақстан – зайырлы мемлекет және мектеп те зайырлы мекеме. 2016 жылы қабылданған бұйрықта талаптар көрсетілген. Дегенмен, әртүрлі топтардың инклюзивтілігін қамтамасыз ету маңызды екенін көріп отырмыз. Мысалы, басына орамал тағу мүмкіндігі болмағандықтан ата-анасы сабаққа жібермейтін қыздардың мәселесін алып қарауға болады. Осындай себептерге байланысты балалар мектепке бармаса немесе қашықтан оқуға көшуге мәжбүр болса, онда ол кері әсерін тигізеді. Жалпы, біз инклюзивті қоғам болуымыз керек», – деді бұл тұрғыда еліміздің бас ұстазы Асхат Аймағамбетов.

Ал министрліктің Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрайымы Гүлмира Кәрімова: «Біз біліммен қамтылмауы мүмкін қыздарды оқу процесіне қосу туралы айтып отырмыз. Сондықтан бұл мәселені шешудің жолдары мен тетіктерін іздестіріп жатырмыз. Бұл жерде әңгіме хиджаб туралы болып отырған жоқ. Түрлі ұсыныс түсініп жатыр, соның ішінде орамал тартқан қыздарды өзіміздің отандық мектептерде онлайн-оқыту мүмкіндігі және оқу үдерісіне тарту бойынша басқа да ұсыныстар бар.

Ең бастысы – барлығын орта біліммен қамту. Бұл балалардың осы бөлігін мектепте білім алуы үшін жасалып отыр. Қазіргі мектеп формасына қатысты бұйрық өз күшінде, ешқандай өзгеріс енгізілген жоқ. Біз барлық оқытудың түрлі мүмкіндіктерін талқылаймыз. Бұл эмоцияға беріліп шешілетін мәселе емес. Қоғамда әртүрлі пікірлер бар екені рас. Ең әуелі балалардың мүддесі мен заңнамадағы нормаларды негізге алуымыз керек», – деді.

Қайрат ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ,
дінтанушы:

ҚАШАН ДА ҚҰҚЫҚТЫҢ ҮСТЕМДІГІ БОЛМАҚ

Зайырлық – бұл дінсіздік емес. Қазір бізде заң бойынша мемлекеттік қызметтегі кісі жұмыс орнында намаз оқи алмайды. Темекі шегуге мүмкіншілік беріледі де, ал намазға рұқсат жоқ. Бұл жеке адамның құқығы мен наным-сенім бостандығын көпе-көрнеу шектеу. Бірақ намаз оқитын кісі мемлекеттік мекемелерде қарамағындағыларға уағызын тықпаласа немесе дінді тікелей мемлекет ісіне араластыра бастаса, бұл да зайырлыққа қайшы. Ал осылардың әрқайсысының шекарасын сызып, құқығын қорғайтын – заң. Қашан да құқықтың үстемдігі болмақ.

Орамал бойынша да солай. Меніңше, жоғарғы сыныптағы қыздардың басын жауып жүруіне рұқсат беріп, жастарына сай жарасымды етіп, заманауи, арнайы бас киім үлгісін бекіту керек. (Міндетті түрде орамал болуы шарт емес. Дизайнерлеріміз біраз бас қатырсын).

Ауғанстанға ұқсамаудың жалғыз жолы қыздарымыздың орамал тағып-тақпауында болмаса керек. Америка мен Еуропаның көптеген елдерінде мектепте орамал тағуға рұқсат. Олардың қирап қалған ештемесі жоқ.

Мәселе – санада. Дұрыс сыни ойлау мен ішкі құндылықтардың қалыптасуында, тұтастай мемлекетті алға сүйрейтін жүйенің жұмыс істеуінде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Енді осы тақырыптағы ойын әлеуметтік желідегі парақшасында жазған елге белгілі тұлғалардың пікіріне көз жүгіртіп көрейік. Екі азаматтың да дәл сол салаға қатысы бар.

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ,
белгілі педагог:

БАЛА БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫНАН АЙЫРЫЛМАУЫ КЕРЕК

Білім алмай надан күйінде қалатын қыз балалар саны жылдан-жылға көбейіп барады. Бұл мәселені елемей тастауға болмайды. Мектептерде хиджаб дауы өте асқынып кетті. Бұл бала құқын бұзу деген уәж екі жақтан да айтылып, балалардың сабақ процесіне кедергі келтіріп жатыр. Ал орамалға рұқсат берілсе, мектепте оранып жүрген оқушы саны өте қатты көбейеді. Бұл діни мәселенің оқушылар арасында қандай ықпалы болады? Екіншіден, мектепте баланың отбасының діни көзқарасы анық киімінен білінеді. Бұл алауыздық тудырмай ма? Үшіншіден, жоғарыда шетелге онлайн оқуға ауысып кеткен, өтірік көшіп кеткен білім алмай жүрген қыз балалар мектепке оралады. Дәл қазір қарап тұрсаң, былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі. Негізгі мектеп формасы ондай қысқа емес, бірақ соның белін жымырып, қысқартып киіп алатын оқушылар

көп. Үйінен ұзын киіп шығып, жолда басқа киімге ауыстырып киіп келетінін ата-анасы білмейтін оқушылар да бар.

Мектепте мектептің бірыңғай формасы қатаң сақталуы керек. Форма жай киім деп қарауға келмейді. Ол – тәрбие, ол – мектептегі әлеуметтік теңсіздіктің, ала-құлақтың алдын алатын басты фактордың бірі. Біз – зайырлы елміз. Әр дін өз киімін білімге араластырмай, нақты ортақ тәртіпке бағынуы керек. Адам дін ұстануын толық ақылы толғанда өзі шешуі керек. Бастауыш сыныптың оқушысына хиджаб кигізуді ешқандай ақылым қабылдай алмайды екен. Бала білім алу құқынан айырылмауы керек. Елге ұлттық идеология керек! Елге сапалы білім-ғылым керек! Ұрпаққа дұрыс тәрбие керек!

Енді тағы мәселе, жалпы мектепте хиджаб мәселесімен күресу елдегі діни мәселені реттемейді. Ол – елдегі идеологиялық жағдайдың салдары. Сондықтан мектептегі киіммен күрес – салдармен күрес. Бұл мәселенің осыншалық деңгейге көтерілуі – елдегі діни жағдайдың көрінісі.

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Мұсылмандыққа бет бұрып, бес уақыт намазға жығылып, имандылық жолына түсіп жатқан жастарымыз жыл санап артып келеді. Әрине, оған бек қуанамыз. Бірақ дін – өте нәзік тақырып. Абайламасаңыз, нағыз ислам жолынан адасып қалуыңыз да кәдік.

Қазір хиджаб киген жас қыздарымыздың саны көбейіп келеді. Ел арасында дау туғызып отырған да осы хиджаб мәселесі. Бір топ «хиджаб қыз баланың әуретті жерін жауып тұрады, сұқ көзден қорғайды, иманы күшейе түседі», «орамалмен алысқанша, жартылай жалаңаш жүрген қыздарымызды тыймаймыз ба?» десе, енді біреулер «орамалға тұмшаланып не керек, жүректе иман болса жетпей ме, одан да білім, ғылымға, өркениетке ұмтылайық» дейді. Ал біз сыр тартып көрген алматылықтар не дейді?

Ербол ТАЛАСБЕК, зейнеткер:

ХИДЖАБТЫҢ ДӘСТҮРІМІЗГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ

Айталық, мемлекеттік білім беру мекемесінде хиджаб киюге рұқсат берілді дейік. Онда елімізде тіркелген 45 діни конфессия өкілдері әрқайсысы өз киімімен келуі әбден мүмкін ғой.

Бала күнімізде біз оқыған эпостық жырларда немесе жер-жерден табылып жатқан археологиялық қазбаларда хиджаб киген қыз бейнесі кездеспейді. Сонда хиджабтың біздің ұлтқа дәстүрлік, діни киім ретінде ешқандай қатысы жоқ деген сөз. Біздің әжелеріміз, аналарымыз бетін ешқашан тұмшаламаған, бірақ басынан ақ жаулығын тастамаған. Мұның өзі эстетикалық тұрғыда өте жарасымды көрінетін. Ал қазір екі көзін ғана жылтыратып қойып, басын түгел қара матамен тұмшалап алатындар көбейіп келеді, қарсы алдыңнан кезіге қалса, біртүрлі тіксініп қаласың.

ДИАС, жеке кәсіп иесі:

ЖИНАҚЫЛЫҚҚА ҮЙРЕНСЕ НЕСІ АЙЫП?

Мен орамал таққаннан еш сөкеттік көрмеймін. Қайта көшеде шашы жалбырап жүрген қыздарды көрсем, тіксініп қараймын. Өзім де, әйелім де намазхан. Орамал бар жерде тазалық та бар деп ойлаймын. Бала жас күнінен тазалыққа, жинақылыққа үйрене берсе, несі айып?!

Күмісай ЖЕЛДІБАЕВА, тігінші:

ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ КИІНГЕНДІ ҚАЛАЙМЫН

Әрине, қазіргі интеграция мен урбанизация заманында әйел затының киімдері өзгерді. Бүкіл әлем халқы сән, тренд қуып, ұқсас киімдер киюге көшті. Тіпті, қыз-келіншектердің бір бөлігі жартылай жалаңаш киімдерге ауысты. Осы тұрғыдан келгенде хиджаб, никаб кию сол жалаңаштанғандарға табиғи қарсылық ретінде пайда болып отырған жоқ па екен деп ойлайтыным бар кей-кейде. Бірақ өз басым, қыз-келіншектердің соны үлгідегі сәннен қалмай-ақ, жалаңаштанбай-ақ, хиджабқа оранбай-ақ, әп-әдемі болып жарасымды заманауи үлгіде киініп жүргенін қалаймын.

Сәуле ТАРҒЫНҚЫЗЫ, көпбалалы ана:

БАЛАЛЫҒЫН ҰРЛАМАЙЫҚ...

Мектепке оқушының орамал тағып баруына мүлдем қарсымын. Шашын буып, ақ бантик тақса да әдемі емес пе. Өзімнің үш қызым бар. Оларға қазірден «етегінді жауып отыр, әкелеріңнің алдынан олай-бұлай көстендеп жүрмеңдер, қатты күлмеңдер, үйге кісі келгенде қатты дауыстарың шықпасын» деп отырамын ылғи.

Меніңше, әдеп, иба, имандылық сол деп ойлаймын. Ал хиджаб – біздікі емес, арабтардікі. Олардың жері аптап ыстық, құм борап тұратын болған деседі. Сонда еркегі де, әйелі де көзінен басқанын бәрін орап жүретін болған. Бұл жөнінде Зейнеп Ахметова апамыз үнемі айтып жүр. Шынымен де, біздің басымыз, бетіміз ұятты, әуретті жер емес қой. Ол құдайдың жаратқаны. Ұятты жер дегеніміз – мойыннан төмен жақ. Қазақ онсыз да ол жерін ашып-шашып жүрмеген.

Өткенде балаларымды «Мегапаркке» апардым. Сонда бес-алты жастардағы екі қыз баланы көріп аяп кеттім, үстінде етегі жыр сызған көйлек, бастарында – хиджаб. Жаным-ау десейші, жұдырықтай ғана екеуі емін-еркін ойнай алмай жүр, біртүрлі жаның ашиды-ақ. Бала бала болып аунап-кунап ойнамағасын! Бала мектепте оранбай-ақ, асыр салып жүгірсін, ойнасын. Балалығын ұрламайық та. Есеюге үлгереді әлі!



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ЕРДІҢ БАСЫ ЕСІККЕ ТҮСПЕСІН...

Ұлының «күшік күйеу» атануы қазақ үшін сүйекке таңба түскенмен бірдей болған. Тіпті, ер баланың басқа рудың ортасына барып тұруға хақысы болмаған. Сондықтан қазақ тәрбиенің ең асылын баласына берген. Жазылмаған дала заңына ұлы да, қызы да тең бағынған.



Мәселенің мәнісі

Басқа елде күшік күйеу болмау-дың алдын алған қазақ әменгерлік салтын берік ұстанған. Ондағы мақсат – ұрпағының бөтен елге кетпеуін қадағалаған. Ал дәл қазіргідей күйеуі көз жұмса немесе ерлі-зайыпты ажырасқан жағдайда келінге баланы ертіп жібермеген. Өйткені, бөтен елге шешесінің артынан ілесіп кеткен баланың шыққан тегін, туған-туысын ұмытатынын білген.

Ал егер шаңырақта бір қыздан

басқа баласы жоқ болса, онда бұл жағдай басқаша шешілетін болған. Яғни күйеу баласы ата-енесін өз қолына алып, тәрбиелі ортадан шыққанын көрсететін болған.

Қазақта белгілі бір себептермен ғана «күшік күйеу» деп атаған. Біріншіден, ешкімі жоқ жетім баланы айтқан. Екіншіден, қолы қысқа, үйленіп, бас құрауға шамасы келмейтін, арлы азаматтарды күшік күйеу етіп, қалыңмал төлетпей кіргізіп алады. Яғни қайынжұртының малын бағып өтейтін болған. Үшіншісі, кірме күйеу. Ел кезіп, жер кезіп жүріп, келіншек алған

елге сіңіп кеткен жігітті осылай атаған. Төртіншіден, өз елінде істі болып, қылмыс жасап қашып жүріп қайынжұртын паналаған күйеуге осындай атау берген көрінеді.

Ал тағы бір деректерде үйленбей біраз жасқа дейін жүріп қалған сұрбойдақтарды ағайын-туыстың ықпалымен үйлендіріп, ондай жігіттерді де «күшік күйеу» деп атағандығы айтылады.

Ер балаға үлгі – әкесі

Ал қазіргі таңда әлеуметтік тұрмысты сылтауратқан «күшік күйеулер» қаптап кеткені жасырын емес. Әлде олар бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре алмағандар ма? Бұлай дейтініміз, олар көбіне материалдық жағдайды бірінші орынға қойып жатады. Сондықтан көбіне әлеуметтік жағдайы төмендеу жігіттер еріксіз қайынжұртта тұруды қолайлайды. Бәлкім, олар әлеуметтік жағдайын жөндеп алғанша, уақытша тұратын болса, «күшік күйеуге» жатпайтын шығар. Себебі, ашқұрсақ адамға намыс туралы айту артық болмас па екен?..

Иә, бүгінде әйелінің арқасында күн көріп жүрген еркектер саны артқан. Отбасында тек шешесінің нантапқыштығын көріп өскен бала жалқау, тек дайынды ішіп-жейтін намыссыз болып өспей ме деген алаңдаушылық та жоқ емес. Өйткені, ер балаға әрқашан үлгі болатын тұлға – әкесі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

САМАТ, құрылысшы:

«Айлығым шайлығыма жетпейді...»

Қайынжұртпен тұрмағанда, қайтем?! Айлығым шайлығыма жетпей, басымда баспанам жоқ, тойға қарызданғанымыз тағы бар, қатты қиналдым. Енді қазір «Отбасы банкке» екеулеп жинап жатырмыз ақша. Енем айтқан сосын, «біздің көмегіміз сол болсын, біраз қаражат жинап алғанша бізбен тұра беріңдер» деп.

– Үйде дауыстар қаттырақ шығып қалып жатса ше, өзіңді қалай сезінесің?

– Үйрендік қой, тәте, бәріне! Ондай кезде сыртқа шығып кетемін. Әзірге бір ғана баламыз бар, сондықтан маған қазір ақша жинап алу керек болып тұр, балшықтан времянка соғып алсам да.

ӘМІР, таксист:

«Жігіттің өз үйі болуы керек»

Біздің маңдайға «Жігіттің өз үйі болуы керек» деген бір қатып қалған заң жазылып қойғандай. Біреулер «Үйі болмаса несіне жігіт болып жер басып жүр?», «30-ға келіп пәтері болмаса, үйленіп керегі не?» деп шығады. Ал сол қатып қалған заңды бүгінгі заманға бейімдеуге болмас па екен деймін кейде.

Мысалы, сіз қызыңызды мәпелеп өсірдіңіз. Жоғары білім алды.

Сосын тұрмысқа шығамын дегесін, той жасайсыз. Ал тойдан кейін екі жастың тұратын баспанасы жоқ. Бірақ сізде бір бөлмелі пәтер алатындай қаражатыңыз бар. Сонда қызыңызды «мен саған кедейге күйеуге шық деген жоқпын» деп қаңғыртып қоясыз ба? Ал жігіт саналы болса, өзі де кішкене қолдау білдіріп жіберсе, ары қарай әрекеттенеді деп ойлаймын.

ӘДІЛЕТ, жеке кәсіпкер:

«Жарымның анасы – маған да ана»

Құрдастарым араққа сылқия тойып алғанда «сен күшік күйеу-сің» деп мұқатқысы, сындырғысы келетін. Талай рет ондайлармен жаға жыртыстым да.

Иә, бір үйдің жалғыз қызын жер етіп алдым. Енем жеті құрсақ көтерген екен, солардың ішінде менің әйеліме ғана жарық дүние бұйырды. Қайын атам қайтыс болғанда, енем жеті бөлмелі даңғарадай үйде жалғыз қалды. Жасырмаймын, мінезі қиырлау. «Шалымның шаңырағын қаңғыратып тастап кетер жайым жоқ», –

деген соң сол кісінің қолына көшіп келдік. Көрші ауылда табанақы, маңдай теріммен тұрғызған өз үйім бар. Қараусыз тозып кетпесін деп, азын-аулақ қаражатқа бір жасамайындарға беріп қойғанмын. Өз иешемнің қолында кенже інім тұрып жатыр. Елдің сөзін қайтесің! Өзімді күшік күйеу деп есептемеймін. Бағып жатқан бір қора малым өзімдікі. Табысым да өзімдікі. Ешкімге масыл емеспін. Мектептен көңіл жарастырған едік әйелім екеуіміз. Сүйіп қосылған жарымның анасы – маған да ана.

Бұл орайда сіздің пікіріңіз қандай, құрметті оқырман? Хаттарыңызды күтеміз.

ЕСТІ СӨЗ

«Ұлың жақсы болса, бір биікке шыққаның»

Алматымен іргелес жатқан Жетісу өлкесінің де Жоңғар шапқыншылығынан қатты зардап шеккенін тарихтан білеміз. Осы тұста қолына найза алып жауға қарсы шыққан батырларымызбен бірге, ел алдында беделді билер мен шешендер де болған. Солардың бірі – жомарттығымен, әулиелігімен тарихта аңыз боп қалған Қоңырбөрік руынан шыққан Өтей немересі Жарман ұлы Тама еді.

– Тама, Балпық және Ескелді билердің көріпкел әулие болғанын көнекөз қариялардың жыр ғып айтып отырғанынан көргенмін. Олар қазақ жерінің кеңдігін, даласының дархандығын, халқының жомарттығын жатжұрттықтарға таныта білген. Елге төнер қауіп-қатерді алдын ала біліп болжап отырған. Өзімізге белгілі қазақ халқының күнкөрісі төрт түлік мал екені. Сондықтан осы малды өсіруде жер жағдайын шешіп, өсуіне билер қолайлы шешім қабылдап отырған, – дейді Тама би ұрпақтарының бірі Гүлдәрия Шоранова.

Ел арасында «Таманың татымды сөздері» деп аталып кеткен шешендік сөздер бүгінгі күнге жетіп отыр.

Қазақтың киесі даласында,
Берісің де осында, алысың да.

Дала – дархандығымен құтты,
Халық – азбайтындығымен мықты,
Дана – ғұламалығымен мықты.

Сөз – сөлімен, ерендік – тегімен.

Заман аунап құбылар,
Жөн сөзге әркім жығылар.

Ұлың жақсы болса бір биікке шыққаның,
Қызың жақсы болса ұтқаның.

Жақсы сөзді тыңдап ал сақабадай,
Ақыл тап, ат алмай, атан алмай.

Осындай татымды сөздер қазіргі жастарға ауадай керек. Ескіден жеткен есті сөздердің ұл-қыздарымызға бағдаршам болары сөзсіз.

ЫРЫМ-ТҮЙІМ

«ОЛЖА КЕЛДІ, ОЛЖА!»

БАС. Қазақ ырымында бала бас ұстамайды. Егер бас ұстаса, әкесі өліп қалады деп тыйым салған. Жас балаға бұғана ұстатпайды, онда бойы өспей қалады деп жорыған.

Қыз балаға жілік ұстатпайды, күйеуге шықпай оң жақта көп отырып қалады деп ырымдаған.


МОЛШЫЛЫҚ. Кішкентай бала табаққа аяғын салса – тоқшылық белгісі.

Бала еңбектей бастағанда бауырын жерден тез көтерсін деп, бауырынан табақ өткізеді.

Бала босағадан кіріп келе жатып, сүрініп кетсе, «олжа келді, олжа келді, олжасын көтере алмай келе жатыр, төрге аунат, олжа төрге жүксын» деп ырымдап, үлкендер баланы төрге апарып аунатады.

Сәби қолындағы заттарын «шашу» деп шашса, ол үйде той болады.

ИТКӨЙЛЕК. Баланы қырқынан шыға-



АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ



БӘТЕҢКЕ

Суықтан әбден қалтырап тоңып, иегі иегіне тимей діріл қағып тұрған жалаңаяқ бала аяккіімдер дүкенінің алдында мөлдір витринадан жылы аяккіімдерге қызыға қарап тұрды. Бір кезде жанына бейтаныс әйел таяп келді де:

– Менің кішкентай досым, әйнектің сыртынан не қызықтап тұрсың, ойға батып кеткен секілдісің ғой? – деп сұрады.

– Мен Құдайдан маған жылы бәтеңке беруін сұрап, тілеп тұрмын, – деді жанары жасаураған ондар шамасындағы балақай.

Әйел оны нәзік қолынан ұстады да, дүкенге ертіп кірді. Ол сатушыдан алты пар шұлық әкелуін сұрады да:

– Егер мүмкін болса, легенге жылы су құйып әкелесіз бе, сосын орамал болса, – деп өтінді.

Дүкен қызметшісі әйел сұраған заттың бәрін әкеліп берді. Бейтаныс әйел баланы елден тасалау жерге ертіп апарды да, жайлы жерге отырғызып, қолындағы сәнді қолғабын шешіп, баланың аяғын жылы суға жуып, орамалмен

рып иткөйлегін ауыстырғанда, оны бойына бала бітпей жүрген әйелдер арнайы сұрап алатын ырым бар. Оларға баланың анасы иткөйлекті бүтіндей бере салмай, жыртып береді.

ТІС. Баланың тісі түскенде оны кесек ет, май немесе бауырсаққа қосып, «тісі иттің тісіндей өткір, мықты болсын» деп итке асатады. Сонымен қатар, «көктей болып өссін» деп түскен тісті жеміс ағашының түбіне көмеді, «таудай болсын» деп тауға қарата лақтырады. Бала тісі періште бұйымы ретінде есіктен кіретін түрлі пәле-жала, қаскөй күштерден қағып тұрады делініп, есік жақтауы арасына да қыстырылады.

ҰЙҚЫ. Сәби көзін ашып ұйықтаса, жары сұлу болады. Шалқасынан алаңсыз ұйықтаса, елге белгілі азамат болып өседі. Бүк түсіп ұйықтаса, уайымшыл, жігерсіз болып шығады. Етпетінен жатып ұйықтаса, ойшыл болады. Егер аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса, болашақта батыр болады, кеменгерліктің белгісі.

сүртіп, кептіріп, сатушы ұсынған жаңа шұлықтардың біреуін кигізді. Сосын дүкен сөресінде тұрған әдемі бір бәтеңкені кигізіп көріп еді, шап-шақ бола қалды. Қалған шұлықтарды сатушыға «балаға жақсылап орап беріңізші» деп сұрады.

Әйел баланың басынан мейірлене сипап:

– Міне, енді өзіңді сөзсіз жақсы сезінесің, әрі тоңбайтын боласың, – деді.

Әйел кетуге ыңғайланып бұрыла бергенде, балақай батылсыздау ғана оның қолынан ұстады.

– Сіз Құдайдың әйелсіз бе? – деп сұраған баланың жанары жасқа толып кеткен еді сол сәт... (Гарри Гамисонияның әңгімесінен аударылды).

P.S.

«Жерде бір бала қуанса, көкте мың періште шаттанады». Жақсылық жасаудан жарысып жүрейік, ағайын!

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңізге мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Құрметті аудан тұрғындары!

2022 жылғы 22 маусым, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 128 мекенжайдағы «І.Есенберлин атындағы №25 гимназия» КММ-да Алмалы ауданының әкімі **Е.И.Сейтеговтің** халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 8 маусымдағы №138 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 14 маусымда №28444 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 8 маусым

№138

«Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 9 тамыздағы №378 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласында Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 9 тамыздағы №378 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1578 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы

С.КАНКУРОВ

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі С.К.Иманбаеваға аяулы анасы, тыл ардагері
Сәндігүл АҒАТАЙҚЫЗЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге.

ҮОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

Салықтарды және төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту бойынша

ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 6-тарауымен, айыппұлдар сомаларынан бөлек, салықтарды және төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін салық төлеушінің берілген өтініші негізінде салық төлеушінің немесе үшінші тұлғаның **мүлкін кепілге қоюмен және банк кепілдігімен** өзгертілуі тиісінше бір мезгілде 6 айға дейін немесе кезең-кезеңмен төлей отырып **үш жылға** дейін төлеу мерзімін өзгерту қарастырылған.

Республикалық бюджетке түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешімді салық төлеушінің орналасқан жеріндегі салық органы қабылдайды.

Бұл ретте төлем көзінен ұсталатын салықтар, акциздер, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын тауарларға салынатын ҚҚС бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдері **өзгертілуге жатпайды**.

Салықтарды және төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту қаржылық жағдайы салықты және төлемақыны белгіленген мерзімде төлеуге мүмкіндік бермейтін, оларды төмендегі негіздер бойынша беріледі, олар мынадай:

1) салық төлеушіге еңсерілмейтін (*әлеуметтік, табиғи, техногендік, экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар, әскери іс-қимылдар және өзге де мән-жайлары*) салдарынан нұқсан келтіру;

2) салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді өндіруінің өткізуінің маусымдық сипатта болуы;

3) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлғаның мүлктік жағдайы (ҚР заңнамасына сәйкес өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүлкті есепке алмағанда) біржолғы салық төлеуге мүмкіндік бермеуі;

4) соттың берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешім қабылдауы;

5) салық төлеушінің негізгі қызмет түрінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика саласына жатқызылуы;

6) салық төлеушінің қосымша салықтық есептілікті ұсынуы;

7) салық төлеушінің есепке жазылған салықтардың және төлемақылардың тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген сомаларымен келісуі негіздерінің бірі болған кезде оларды төлеу мүмкіндігі кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту берілетін мерзім ішінде туындайды деп пайымдауға жеткілікті негіз болатын салық төлеушіге берілуі мүмкін.

Ал салық төлеуші ретінде тіркелген күнінен бастап кейінге қалдыруды немесе мерзімін ұзартуды беру туралы өтініш берген күнге дейінгі кезең бес жылдан кем болатын салық төлеушілерге қолданылмайды.

Бұл ретте кейінге қалдырудың, мерзімін ұзартудың қолданылуы салық төлеуші салықтардың және төлемақылардың бүкіл сомасын белгіленген мерзім өткенге дейін төлеген жағдайда және салықтар мен төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыруды, мерзімін ұзартудың беру **шарттарын бұзған жағдайда** тоқтатылады.

Құрметті салық төлеушілер! Салықтарды төлеу мерзімін өзгерту мүмкіндігін пайдалана отырып, қаражатыңызды өз кәсібіңізді дамытуға жұмсауға мүмкіндігіңізді пайдалануға шақырамыз!

Одан бөлек, ҚР Үкіметінің 23.04.2021 жылығы №265 қаулысына сәйкес, ағымдағы жылдың 1 шілдесінен дейін мемлекеттік органдары мен квази-мемлекеттік субъектілеріне заңды тұлғалары мен жеке кәсіпкерлерді банкрот деп тану үшін сотқа талап-арыздарды беруі тоқтатылған. Осыған орай, банкрот деп тану бойынша сотқа талап-арыздарды тек өзге кредиторлар және борышкердің өзі беруі құқылы.

Т.К.ТУРГАЕВ,

Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша
МКБ басшы орынбасары.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalem-esh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ



«ГҮЛДЕРГЕ СЫРЫМДЫ АЙТАМЫН»

Гүл өсіру – қыз-келіншектердің сүйікті ісі. Қоршаған ортамызға әдемілік пен жайлылық сыйлайтын сол нәзік өсімдіктердің біз біле бермейтін ерекше тұстары да жетерлік. Оны қалай өсіріп, қаншалықты жарық, температура керек деген сұрақтардың жауабын іздеп көрген едік.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бала кезімізде көрші қыздардың үйіндегі гүлдерінің сабағын алып, тамырландыратын едік. Кейін консерві қаңылтырлардың астын тесіп, қара көң салып баптайттынбыз. Сол гүлдерді өсіргенімізге мәз болып, өзімізді сиқыршыдай сезінетін едік. Кейінірек ол гүлдердің бірі өсіп, жайқалып шыкса, енді бірі қараусыз қалатын.

СУАРУДЫҢ ДА ЕРЕЖЕСІ БАР

Күтім демекші, әсем гүлдердің жайқалып өсуі үшін суарудың жолдарын білгеніміз жөн. Кейде өсімдіктерге суды көп құйсақ жайқалып шыға келеді деп ойлайтынымыз да бар. Мамандардың пікірінше, бұл қате пікір. Судың температурасы бөлме температурасына шамалас немесе одан 5–7 градус жоғары болуы керек. Өсімдікке су құйғанда топырақтың кішкентай түйіршектері жібіп, суымыз ыдыстың түбіне ағуы қажет. Сонда гүліміз де сіңімді бола түседі.

Тығыз ыдыстағы топыраққа отырғызылған өсімдіктің аққан суы сол бойда жоқ

болып кетеді. Өсімдіктерді әсіресе күн ыстықта аса ыждағаттылықпен суару қажет.

КҮТІМ МЕН БАПТАУ МАҢЫЗДЫ

Өсімдіктерді жұмсақ матамен сүрту керек. Себебі, жапырақтың көздерін шаң басқан жағдайда, олар түрлі ауруларға тез шалдығады.

Бүгінде үйде отырған қыз-келіншектердің біразы дерлік гүл өсіруді хоббиіне айналдырған. Тіпті, кейбірі үйлерін саяжайға айналдырып, жан сырын ақтаратын мекенге айналдырған.

«Менің гүл өсірумен айналысқаным аз ғана уақыт болды. Аптаның демалыс күндерін гүлдерімді баптауға жұмсаймын. Гүл өте нәзік болатындықтан, қажетінше суын, витаминдерін беріп, әрқайсысына мұқият назар аударамын. Арасында оларға ішкі сырымды ақтарып алатыным да бар. Қуанышымды да жасырмаймын. Өзім үнемі позитивті көңіл күйде жүремін. Гүлдерім жайқалып тұрғанын көргенде, жұпар иісі мұрныма келгенде ерекше шабыттанамын. Әсіресе, жаңа ашылған гүлді көрген бір ганибет», – дейді Жаннұр Мұңлыққызы.



Гүлді өсіру кезінде ыдыстарына да аса мән беру қажет. Металдан жасалған немесе сырылған, бүлінген ыдыстарды пайдаланудан аулақ болыңыз. Қазір қарап отырсақ, гүлдерді пластмассадан жасалған ыдыстарға отырғызады. Ол дұрыс емес. Оған тек кактусты отырғызуға болады. Ыдыстарын талғап алмасаңыз ауруға шалдықтырып алуыңыз ғажап емес. Сондай-ақ, ыдыстарды қайнап тұрған ыстық сумен мұқият жуып, содан кейін дезинфекциялау керек. Үй өсімдіктерін бөлменің кез келген жеріне қоя салмай, олардың жақсы өсуі үшін қандай күтім қажет екендігін біліп алған жөн болар.

Баптау дегенде, ең бірінші есімізге топырақ түседі. Себебі, топырақ құнарлы болмаса оның өсіп-жетілуіне кедергісін келтіреді. Тіпті, әр гүлдің топырақтары да бір-біріне ұқсамайды. Мәселен, карашірік, шым тезек, шым және құм араласқан топырақ, сазды топырақ, көң тәрізді топырақтар үй өсімдіктеріне аса қажет. Сондықтан топырақ таңдауда аса мұқияттылық керек екен.

ЖЫЛУ МЕН ЖАРЫҚҚА ДА
КӨҢІЛ БӨЛУ КЕРЕК

Қарап отырсақ гүлдер жылылықты жақсы көретін секілді. Алайда, оны ұнатпайтын гүлдер де жетерлік. Бірақ жарықтың түсуін қалайтындар бар. Мәселен, кактустар сабағында ылғал сақтайды, осылайша олар жарыққа тәуелді болмайды. Стапелия, литопса сынды өсімдіктер жарықтың түскенін қалайды. Жарық мол болса жақсы өсе бастайды. Гүл өсірушілердің айтуынша, аспарагус, бегония, глоксиния, севполия, фуксия, зухарис, пернермия жарық сүйгіш қана емес, жарықтың шашырап түсуін қажет етеді.

Қыс мезгілінде үйдің көркін келтіретін гүлдердің қатарына ордилиндер, дроцендер, бромелия, геснерия тұқымдастар жатады. Десе де, температура режимі бұзыл-

ған жағдайда өсімдіктер сарғайып, жапырақтары түсіп қалуы әбден мүмкін. Сондай-ақ, қыс мезгілінде үйге қосылатын жылу салдарынан бөлмедегі ауа құрғап кететіндіктен, көптеген бөлме гүлдері зиян шегіп жатады. Оған қоса, таң кеш атып, күн ерте бататындықтан толық жарық жетіспей жатады. Сондықтан гүлдейтін бөлме гүлдерінің барлығын бір жерге топтастырып, қосымша, жасанды жарық орнатқан жөн.

ӨМІРІМІЗДІҢ МӘНІ МЕН СӘНІ

Мейрам күндері қаламызда гүлге деген сұраныс көбейеді. Тіпті, жайшылықтың өзінде де тұрғындар бір-бірін қуантуға осынау әсемдікті сыйға тартып жатады. Биыл қызғалдақ, раушан, бөртегүл, таушымылдық сынды гүлдер сәнге айналған. Бұл туралы осы салада еңбек етіп жүргеніне 4 жыл болған Фарух есімді гүл өсіруші былай дейді:

«Қазіргі таңда пиондарға деген сұраныс артып келеді. Алайда, әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған гүлдер де жеткілікті. Мәселен, раушан гүлінің түр-түрі сатылымының көші басында. Гүлдерді әр мемлекеттен тапсырыспен алдырамыз. Олардың қатарына Голландия, Израиль, Эквадор елдері бар. Гүл күтімді, нәзіктікті қажет етеді. Суын күнделікті ауыстырып, салқын ауа райында сақтап отырсаңыздар барлығы дерлік ұзақ уақыт сақталады», – дейді гүл өсіруші Фарух Хасан.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметіне сүйенсек, былтыр Қазақстанда гүлдің сауда айналымы 44 миллион АҚШ долларын құраған. Бұл сан 2020 жылмен салыстырғанда 34 пайызға жоғары. Елімізде жыл басынан бері 1000-нан астам гүлді шетелден 8,5 млн АҚШ долларына сатып алыппыз. Осылардың қатарында сұранысқа ие раушан гүлдеріне 6 млн доллар жұмсалса, бакыт гүліне 883 мың АҚШ доллары кеткен екен. Үшінші орында қалампыр гүл тұқымдасы. Мемлекеттік кірістер басқармасының дерегіне сәйкес, елімізде өсірілген гүлдер шет мемлекеттерге де тасымалданады. Мәселен, былтырғы жылы 17 мың тонна гүл экспортқа жіберілген.

Қалай десек те, өміріміздің мәні де сәні де – гүл!



БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

- Желдеткіштің, жылытқыштың әсерінен үйде ауа тез құрғап, өсімдіктер жапырағы қарайып, сола бастаса, онда оларға қажетті ылғалды жасау керек. Оның бірнеше жолы бар:
- бөлме температурасындағы немесе 2-3 градусқа жоғары жылылықтағы сүзілген (филтрованый) сумен ұдайы жапырақтарын бүркіп тұру қажет;
- арнайы ауа ылғалдағыш себуге де болады;
- гүл құтыларының айналасына су құйылған ыдыстар қойып қоюға болады;
- жылу батареяларының бетіне сулы сүлгі жауып қойыңыз.